



**Коммерциялық емес
акционерлік қоғамы**

**ҒҰМАРБЕК ДӘУКЕЕВ
ТЫНДАҒЫ АЛМАТЫ
ЭНЕРГЕТИКА ЖӘНЕ
БАЙЛАНЫС
УНИВЕРСИТЕТІ**

Тіл білімдері кафедрасы

ҚАЗАҚ ТІЛІ

ӨНЕР ЖӘНЕ МӘДЕНИЕТ

(Қазақ тілін және мәдениетін тереңдетіп үйреніп жүрген студенттерге арналған дидактикалық материалдар мен әдістемелік нұсқаулықтар)

Алматы 2021

ҚҰРАСТЫРУШЫ: Г.М. Нургужина. Қазақ тілі. Өнер және мәдениет. Қазақ тілін және мәдениетін тереңдетіп үйреніп жүрген студенттерге арналған дидактикалық материалдар мен әдістемелік нұсқаулықтар. –Алматы: АЭЖБУ, 2021. – 51 б.

Ұсынылып отырған дидактикалық материалдар мен әдістемелік нұсқаулықтар қазақ және өзге ұлт өкілдері студенттеріне қазақ өнері, салт-дәстүрі, жайлы қысқаша мәтіндер арқылы студенттер қазақ мәдениетінің негізін салушылармен таныса отырып, осы мәтіндерді мәнерлеп оқып, қазақ тілінен орыс тіліне жазбаша түрде аударуларына мүмкіндік береді.

Жоғары оқу орындарының орыс топтарында қазақ тілінде сөйлеу дағдысы қалыптасқан, өзіндік сөздік қоры бар студенттердің сөйлеу тілін одан әрі дамытуда, қазақ тілін оқытуда тіл дамыту жұмыстарын салт - дәстүрге арналған мәтіндер мен мақал - мәтелдер, ұлттық салт - дәстүрмен мәдениетке байланысты өлең - жырлар арқылы ұйымдастырудың мәні зор.

Оқытылуы орыс тілінде жүретін студенттік топтарға қазақ тілін оқыту барысында біздің басты мақсатымыз - қазақтың салт-дәстүрін үйретіп, жастарға өнегелі тәрбие беру.

Пікір беруші: ӘП доценті т.ғ.к

С.Х. Байдильдина

«Ғұмарбек Дәукеев атындағы Алматы энергетика және байланыс университеті» коммерциялық емес акционерлік қоғамының 2021 жылғы жоспары бойынша басылады.

© Ғұмарбек Дәукеев атындағы Алматы энергетика және байланыс университетінің КЕАҚ, 2021 ж.

Алғыс сөз

Халықтық тәлім - тәрбиенің қайнар бұлағы, негізі, қазақ мәдениетінің алтын дінгегі ұлттық салт-дәстүрлеріміз.

Өнер, мәдениет араласпайтын өмір саласын елестету қиын. Адам ғұмыры әсемдіксіз, мағынасыз тым сұрқайы көрінеді. Өнер түрлерін санамалап айтпағанның өзінде көркемдік талғам тұрмысымыздың кез келген қырынан көрініс тауып, көз қуантады. Мәдениетке ұмтылыстың ар жағында адами болмысқа ғана тән ерекше қасиет – еркін ойлауға, еркіндікке, бостандыққа құлшыныс жатыр.

Мәдениет бостандықтың түп тамыры, бостандық, егемендік – мәдениеттің аңсар ауасы, көктемнің жұпар лебіндей саф тұнықтыққа шақыратын, адам рухын ұшар биіктерге қанағаттандыратын ғарыш әлеміндегі ғажайып кеңістік. Иә, мәдениет — халықтың ең үлкен рухани азығы екені баршаға аян.

Қазақ халқының мәдениеті – ежелгі заманнан бергі қазақ жерінде өмір сүріп, қазақ халқын құрған ұлыстар мен тайпалардың материалдық мәдениеті мен рухани мәдениетінің заңды жалғасы және жаңа заманға сай дамып қалыптасқан түрі болады.

Қазақ халқының қалыптасуына байланысты, қазақ халқына тән материалдық және рухани мәдениеттің сипатты белгілері де орнықты. Бұл қалыптасқан мәдениет қазақ халқының өз ата-бабаларының мәдени қазыналарын қамтыған мәдениет болады.

Бұл дидактикалық материалдар мен әдістемелік нұсқаулықтарда Қазақстан мәдениетіне үлкен үлес қосқан қазақтың алғашқы ғалымдарының бірі Шоқан Уәлиханов, Ахмет Байтұрсынов, М. Жұмабаев және қазақтың музыка аспаптары туралы қызықты мәтіндер беріліп отыр.

Бұл текстер арқылы студенттер қазақ мәдениетінің негізін салушылармен таныса отырып, осы мәтіндерді мәнерлеп оқып, қазақ тілінен орыс тіліне жазбаша түрде аударуларына мүмкіндік беріліп отыр.

Тіл мәдениеті

Мәдениет – дегеніміз адамның ойлау, өзіне де, айналасындағыларға да талдау жасай білу қабілеті. Адамдарды ізгілікті, ақылды, моральдық міндеттемелерді мойнына алатын сыншыл жанға айналдыратын да мәдениет.

Мәдениет – адамның рухани және материалдық интеллектілік және сезімдік қасиеттері айқын аңғарылатын белгілерінің жиынтығы. Кез келген мәдениет өзіндік ерекшелігі бар теңдесі жоқ қазынамыздың қоймасы болып табылады, өйткені әрбір халық өз дәстүрі мен рухани бейнесі арқылы танылады.

Мәдениеттің барлық салаларында ұлттық даралық сақталуы тиіс. Әсіресе тіл мәдениетін сақтау, ана тілін жақсы білу - әркімнің азаматтық борышы, қоғамда атқаратын қызметінің тірегі.

Халқымыздың қазіргі мәдени, рухани жағдайы, ана тілімізді, салт-дәстүрімізді дамытуға байланысты баспасөз бетінде неше түрлі проблемалар көтеріліп жатады.

Сондай мәселенің бірі – халқымыздың мәдени өмірінің тұтқасы болып келе жатқан мол мұрасы, ел байлығы – тілін байытқан үстіне байыта, толықтыра, көркейте түсу ішкі мүмкіншіліктерін аша түскенде ғана төл мәдениетіміздің өркен жаяры даусыз.

«Тіл мәдениеті дегеніміз – сөздерді дұрыс қолдану, сөйлеу үстінде оларды бір-бірімен қиюластырып, үндестіріп, дұрыс айту, емле мен тыныс белгілері ережелерін сақтап, сауатты жазу, тілдің ғасырлар бойы сұрыпталып келген, сөз зергерлері оюлап берген көркемдігі мен әсем өрнегін орнымен қолдану сияқты амал-әрекеттерді қамтиды.

Тіл мәдениеті дегеніміз – ғылым сөзімен айтсақ, лексикалық, грамматикалық, орфографиялық, орфоэпиялық, стилистикалық нормаларды ұстану, ол заңдылықтарды бұзбай, жетілдіре, орнықтыра түсу” – дейді ҚР ҰҒА корреспондент – мүшесі, профессор Р. Сыздықова.

Тіл мәдениеті – тілдік норманың, тіл тәсілдерінің жетіліп, ширап даму дәрежесі. Тіл мәдениеті негізінен “сөз мәдениеті», сөзді орынды қолдану деген ұғымды білдіреді.

Сөйлеу коммуникативтік қызмет атқарумен қатар, адамның ішкі өмірінің рухани байлығын жарыққа шығарып, жан сарайын танытады. Сөз адамның ой-өрісін, мәдени дәрежесін, ақыл-парасатын көрсетеді.

Сондықтан да сөйлеу мәдениетіне қай уақытта болса да ерекше мән берілген, қай халық болса да қатты бағалаған. Сөйлеу мәдениеті сөз өнеріне де қатысты. Сөзге шешен адам мәдениетті, әрі шебер сөйлейді.

Тіл мәдениеті ғылымын ауызша сөйлеу мәдениеті және сөз қолдану – жазу мәдениеті деп бөлуге болады.

Ауызша сөйлеу мәдениеті

Ауызша сөйлеу мәдениеті сөйлеген кезде орфоэпия қағидаларын сақтап, мәнерлеп сөйлеумен тығыз байланысты. Сөйлеу нормалары орфографияға бағынышты емес. Барлық сөздерді қалай жазылса, солай оқуды да міндеттей алмайды. Өйткені қазақ тілі – табиғатында үнді, әуезді тіл. Мәнерлеп, сөздің нақышына келтіріп айту – ауыз әдебиетінің асыл қазыналарынан, шешендік сөздерден келе жатқан заңдылық.

Ауызша сөйлеу кезінде тілдің өзіндік заңдылықтарын сақтаумен қатар, сөйлеудің техникасын жетік біліп, сөздік қордың мол болғаны жөн.

Таңдап алынған мәтінді грамматикалық талдау, ұжымды үзінділер тілдік норманы дұрыс танып, үлгі-өнеге етуге үлкен пайдасын тигізеді.

Ал ойды жеткізер тіл тапшы болса, ойшыл ақынымыз Абай айтқандай: «Көңілдегі көрікті ойдың ауыздан шыққанда сәні кетедінің» кері болмақ.

Бір сөзді қайталай бермей, оған мағыналас, мәндес синоним сөздерді қолдану ойды әсерлі, түсінікті жеткізудің айғағы. Қашан да сөзді қарапайым қолдана отырып тартымды да көркем айта білген ғұламалардың шешендігін өнеге тұтынуымыз керек. М.Әуезов өз сөздерінде және жазған еңбектерінде халық даналығы деп есептелетін мақал-мәтелдер мен фразеологиялық тіркестерді, қанатты сөздерді қолданудың шебер үлгісін ұсынғаны жөнінде зиялы қауым біліп те, оқып та, естіп те жүр. Ол қажет жерінде мифтік шығармалардан бастап, өз дәуірінің озық жазушыларынан, халықтың сөйлеу тілінен, керек десе, дүние жүзінің әдебиетіндегі озық үлгілерді алып, ойын әрі әділ, әрі әсерлі жеткізуге дағдыланғандықтан, көркем сөздің пірі болып есептеледі. Сол сияқты Ғабит Мүсірепов, Ғабиден Мұстафин шығармаларын атауға болады.

Сөйлеу мәдениетін арттыруда сөздіктерді, нормативтік сипаттардағы анықтағыштарды, орфоэпиялық сөз тудыру, синонимдер, антонимдер, фразеологиялық, омонимдік сөздіктерді, тілдің грамматикалық жағынан дұрыстығын көрсететін түсіндірме сөздіктерді пайдаланудың маңызы зор.

Ауыз екі сөйлеу тілінің өзіндік ерекшелігі – бірін-бірі бетпе-бет көріп отырған екі, не одан да көп адамдардың өзара пікір алысу, түсінісу құралы. Сөйлеу тілінде пікір алысу, түсінісу сөз арқылы ғана емес, сонымен қатар кісінің бет-аузы, қас-қабағы, қол қимылы қатысып отырады. Оның үстіне сөйлеуші дауыс ырғағын құбылта сөйлейді. Сол себептерден ауыз екі сөйлеу тілінде сөйлем мүшелерін түсініп айту, сөйлемді аяқтамай бітіру, сөйлем мүшелерінің орныны өзгертіп айту, сөзді талғамай қолдану жиі кездеседі. Ауызекі сөйлеу тілінің лексиконында синоним сөздердің өзіне тән қолданылатын баламасы болады.

Жұрт, халық, халайық деген синоним сөздердің ауыз-екі сөйлеу тілінде «халайық» деген сөз жиі қолданылады немесе барлық, күллі, баршасы деген синоним сөздердің «баршасы», бет, жүз, рең, әлпет деген синонимдердің «әлпеті» көбірек қолданылады.

Ауызша сөйлеу дәстүрін жандандыру қазақ тілінің мәдениеті үшін өте қажет.

Коммуникативтік қарым-қатынас ауызша дамыған кезеңде сөз басындағы дауысты немесе дауыссыз дыбыстардың бір ырғақпен үндесіп келуі.

Айтайын деген ойынды бейнелі де әсерлі жеткізудің бір жолы - эпитет пен теңеуді пайдалану, сөзді образды қолдану, сөйлеу тілінің стиліне мән беру айрықша бір эмоционалды рең береді.

Тақырыптың мазмұнына қарай шешен өзінің ішкі тебіренісі мен толқынысын, көзқарасын көбінесе дауыстың ырғағы, күші, ым-ишары, қимыл-қозғалыс арқылы да жеткізіп отырады, сонымен қатар ауызекі тілдегі жеке сөздің айтылу интонациясы да оның қандай мәнде, қандай мақсатпен айтылып тұрғанын байқаудың ерекше бір шарты. Мысалы, сұраған сұраққа жауап беруде жауап сөздің қандай дауыс әуенімен айтылуы – ол адамның сұраққа, сұрау берушіге қалай айтылатынын, жек көретіндігін, не жақсы көретінін, т.б. қатынастарын байқауға болатыны белгілі. Сондықтан ауызекі сөйлеу тілін білудің мәні ерекше. Ауызша сөйлеу дәстүрін жандандырып, шешендікке үйрету – тіл мәдениетінің басты мәселелерінің бірі.

Жазу, жазбаша тіл мәдениеті

Тілдік қарым-қатынаста адамдар ойын ауызша сөйлеу арқылы да, жазбаша түрде жазу арқылы да білдіре алады. Демек, адамдар арасындағы тілдік қарым-қатынастың екі түрі бар: бірі – ауызша ауызекі сөйлеу тілі де, екіншісі – жазбаша тіл.

Дұрыс жазу талабы – ресми түрде қабылданған жалпыға ортақ емле ережесін сақтау. Орфографиялық нормадан ауытқуға, оны өзгертіп жазуға болмайды. Өйткені емле ережелері заңды түрде бекітіледі, жалпыға ортақ емле ережесін сақтау міндетті. Тіліміздің грамматикалық жүйесінің саралануы, өзіндік қорымыздың қоғам өміріндегі өзгерістерге байланысты молайып, толығыуы, жаңаруы емле ережелерін қайта қарауға мәжбүр етеді. Өйткені тіліміз әлі қалыптасу, даму кезеңін бастап толық өткеріп біткен жоқ.

Қазақ тілінің лексикасы молайды, оның сөздік құрамына интернационалдық, ғылыми-техникалық жаңа терминдер енді, космостық кеңістікке байланысты – ғарышкер (космонавт), ғарышжай (космодром), әуежай (аэропорт) т.б. Сол сияқты көгілдір экран, көгілдір от, электрондық өткізгіш т.с.с Мысалы, терминдердің жазылуы туралы: екі, кейде үш түбірден құралып, терминдік мәнге ие болған атаулар мен аң-құс, жан-жануар, өсімдік атаулары, шаруашылық, тұрмыс, мәдениет, өнер, спорт салаларына қатысты құрал-жабдық, ұғым атаулары, мамандық, кәсіп атаулары, сол сияқты екінші сыңары аралық, тану, сымақ сөздерімен келген атаулар бірге жазылады. Осыған орай, баспасөз бетінде бірде бірге, бірде бөлек жазылып келген терминдік мәні бар біраз сөздер: бесжылдық, көзқарас, сутегі, сүтқоректілер, түйеқарын, жанкүйер, теміржолшы, ауданаралық, қоғамтану т.б. сөздер бірге жазылып, бір жүйеге түсті. Сол сияқты тіркес құрамында жеке сөздер естілуінше жазылмай,

негізгі тұлғалары сақталып жазылады. Мысалы: ала ат (алат емес), бара алмаймын (бараламаймын емес), қара көлеңке (қарагөлеңке емес), көк орамал (көгорамал), барып па екен (барыппекен емес). Орыс тілінен енген сөздерге де қосымша негізінен жіңішке түрде жалғанып қолданылуда (педагогтік, паркке) т.б. Жалпы алғанда заңды түрде қабылданған ережені іске асырып, дұрыс сақтағанда ғана орфографиялық норманы қалыптастыра аламыз.

Нағыз мәдениеттің ту етері – тіл, ол жалпы адамзаттың мұратымен астасып жатқанымен, түп тамыры міндетті түрде белгілі бір әлеуметтік этникалық ортадан бастау алады. Сондықтан да өз тарихына, ұлттық дәстүріне, туған жеріне, туған тіліне қамқор көзбен қарап, қадірлей білген сана сезімі жоғары адам ғана мәдениетті болып есептеледі. Әсерлі сөйлеу, ойлау, тыңдау мәдениетімен бірге, жазу мәдениетін меңгеру – негізгі шарттың бірі. Ол үшін: стильдік дәлдік, бөгде стильдік элементтерді бейтарап стильдік элементтерден ажыратып қолдану керектігі, сөздердің, сөйлем мүшелерінің орналасу заңдылығын сақтау: орфографиялық нормалар мен синтаксистік норманы білу; қазақ тілінің табиғи қалпын сақтап, үндестік заңы бойынша жазу; емлелік сөздіктермен жұмыс істей білу; іс қағаздар стилін саралап қолдануды қамтамасыз ету т.б. тиянақты меңгеруді талап етеді.

Жазудағы сауаттылық әдетте емле (орфография), тыныс белгілері (пунктуация) дұрыс қолданылуына қарап белгіленеді.

Жазбаша түрде берілген ойды қағазға түсіру үшін әрбір тыныс белгілерін өз орнына қоя білу керек. Тыныс белгілері дұрыс қойылған сөйлемді оқу да, ұғыну да жетік.

Тыныс белгілері негізінен сөйлемнің құрылысына негізделіп қойылады. Мысалы, үтірдің бірыңғай мүшелерді бөліп көрсетуі.

Өсек, өтірік, мақтаншақ, еріншек,
бекер, мал шашпақ – бес дұшпаның,
білсеңіз.

Талап, еңбек, терең ой, қанағат, рақым,
ойлап қой – Бес асыл іс, көнсеңіз. (Абай.)

Тілдегі сөздердің қыр-сыры көп. Оларды бір-бірімен тіркестіріп, тілдің көркемдегіш құралдарының сан алуан тәсілдерін қолдансақ, неше түрлі мағынаға ие болып, сан қилы өң береді. Сондықтан ойды дұрыс құрып, сөздің мағынасын жете түсіну керек. Сөз саралай білу жазба тілдің мәдениетін көтереді.

Сауаттылық – тіл мәдениетінің басты талабының түрі. Әсіресе үндестік заңын жете меңгеру – сауаттылықтың кепілі. Мысалы, ұзун, орұндық, тұздүк, түтүн, болып айтылып, ұзын, орындық, түтін, тұздық болып жазылады ерін үндестігіне байланысты.

XX ғасырдың бас кезіндегі қазақ мұғалімдерінің бірі – С.Көбеев: «Көркем жазу баланың тілін дамытып, сауаттылыққа үйретеді, эстетикалық сезімін арттырады. Маңызы зор көркем жазуға оқытушы көп көңіл бөлу керек», - деп жазушы.

Жазу – белгілі бір ойды, бүгінгі тарихты ертеңгі ұрпаққа жеткізу құралы. Жазу – болашаққа қалдырған аса пәрменді мәдени мұра. Сондықтан жазудың да, жазба тілінің де маңызы ерекше.

1-тапсырма. Мына сұрақтарға жауап беріңіз.

- a) Тіл мәдениеті дегеніміз не?
- b) Тіл мәдениеті ғылымын қандай түрге бөлуге болады?
- c) Ауызша сөйлеу мәдениетін қалай түсінесіз?
- d) Жазу, жазбаша тіл мәдениетін қалай түсінесіз? (жазбаша тіл мәдениетіне мысалдар келтіріңіз.)

Тіл мәдениетіне қатысты практикалық жұмыстарға арналған материалдар

Тіл өнері жайында

Сөз қуаты шығарар ел төріне,
Жер түбінен самғатар ең көгіне,
Екі нәрсе тірі адамға керегі –
Бірі-көңіл, бірі-тілдің желегі.
Көңіл-тілдің иесі, сүйенеді сөз тілге.
Сөз күйресе, күйгені көңіл мен тіл, көркің де.
Тура сөзбен түбінде алыс шабарсың.
Бекер сөзден сөгіс, қарғыс табарсың.
Тура сөзден – тартпа тілді, өңін ки,
Өтірікте - өз тілінді өзің тый.
Көп тыңдай біл, аз сөйлеп түсіндір,
Ниет қойып, ой мен сезім күшін біл.
Көп тыңдай біл, сөздеріңді таңдай біл,
Ізгі ойларды әр жүрекке жалғай біл.

(Жүсіп Баласағұни.)

Төрт ана

...Әр адамда өз анасынан басқа
болу керек құдыретті төрт ана:
Туған жері – түп қазығы, айбыны,
Туған тілі – сатылмайтын байлығы,
Туған дәстүр, салт-санасы – тірегі
Және туған тарихы, еске алуға қаншама
Ауыр әрі қасіретті болса да.
Төрт анаға әнін жолдай алмаған
Пенделердің басы қайда қалмаған?

Төрт анасын қорғамаған халықтың
Ешқашан да бақ жұлдызы жанбаған.

(М. Шаханов.)

2-тапсырма. Өлеңді мәнерлеп оқыңыздар.

Тіл құдіреті

Тіл қай елде, қай ұлтта болмасын, қадірлі де құдіретті. Қандай ұлттың болмасын, ұлылығын, кісілік келбетін, биік парасатын танытуда тілден артық күш бар ма? Тіл және оны құрастыратын сөздер қасиетінің қалай бағаланатыны жөнінде кім не айтты, оның бәрін тізіп көрсету мүмкін емес. Тіл зерттеуші ғалым В.И. Ильич – Свитыч: “Тіл – уақыт деген өзеннің өткелі, ол бізді өткен бабаларымыздың мекеніне бастап әкеледі; бірақ судың тереңінен қорыққан жан оған жете де алмайды” дейді. Тіл тарихының тамыры тұңғық тереңнен ғана табылатындығы осыдан-ақ белгілі.

Француздың ұлы жазушысы Оноре де Бальзактың “Сөздердің өмірі туралы қандай тамаша кітап жазуға болар еді” деп армандауы сөз құдіретін және тарихын білуге құлшыныс.

Қай халықтың болмасын тілі - өзіне тән қымбатты да қимас қазынасы. Сол сияқты біздің ана тіліміз де – алтындай асылымыз, мөлдір маржанымыз, ғажайып гауһарымыз. Осы орайда қазақ тілі құралы өзге ұлт өкілдерінің кейбір ой-пікірлерін мысалға келтірейік.

Өткен ғасырда өмір сүрген француз ғалымы А.Жорри де Манси: “Қазақ тілі түркі тілдері ішіндегі ең бір таза тілдердің бірі” десе, түркі тілдерін зерттеуші орыстың әйгілі ғалымы В.В.Радлов: “... ең сауатсыз деген қазақтың өз тілін жете меңгергендігі сондай, ондайды біз Еуропада француздар мен орыстардан ғана байқаймыз. Егер олар әңгіме айта қалса, сөз оралымдары көркем де сүйкімді, тілі өткір әрі майда, шешен де тапқыр” деп тұжырым жасайды. 1926 жылы Қазан қаласында басылып шыққан кітабында татар ғалымы А.Саади қазақ тілі жөнінде: “Қазіргі ең таза, ең бай, ең табиғи және бұзылмай, бұрынғы қалпында сақталып қалған бір тіл болса, ол да қазақ тілі және қазақ әдебиеті, шын ғылым үшін біз мұны ашық айтуымыз керек” – деп атап көрсеткен (Ә.Нұрмағанбетов).

3-тапсырма. 1) Мәтінді оқып шығып, орыс тіліне аударындар.

2) Мәтінді қысқаша қазақ тілінде әңгімелеп беріңіздер.

Тіл туралы халық мақал-мәтелдері

1. Беттің көркі – сақал,
Сөздің көркі – мақал.
2. Астың дәмін тұз келтірер,
Тойдың сәнін қыз келтірер,
Тілдің сәнін сөз келтірер.
3. Тіл тас жарады.
Тас жармаса, бас жарады.
4. Бағылан, серке қой бастар,
Қызыл тілін безеніп,
Шешен жігіт той бастар.
5. Сөз сүйектен өтеді,
Таяқ еттен өтеді.
6. Ер қазынасы – жүрген із,
Ел қазынасы – көне көз,
Тіл қазынасы – ескі сөз.
7. Өнер алды – қызыл тіл.
8. Жыланның уы тісінде,
Адамның уы тілінде.
9. Сөзден асқан байлық жоқ,
Тілден асқан жүйрік жоқ.
10. Сөз қадірін білмеген,
Өз қадірін білмейді.

4-тапсырма. Мақал-мәтелдерді жатқа айтыңыз.

Сыпайы сөйлеу – сарбаздық

«Жақсы сөз – жарым ырыс»

«Тіл – адамдар қатынасының аса маңызды құралы» екені баршамызға аян. Осы бір тамаша сөзге үңіліп қарасақ, бүкіл адамзаттың қоғамдық қарым-қатынасының даму тарихы көз алдымыздан өткендей болады. Тіл, яғни сөз сөйлеу адамдар арасында сонау ертеде туып, бірге жасалып келе жатқан

қоғамдық құбылыс. Адам өз ойын екінші біреуге тіл арқылы, яғни сөзбен айтып ұғындырады. Осындай аса маңызды қатынас құралын дұрыс пайдалану, яғни дұрыс сөйлей білу деген үлкен өнер. Адамның білімділігі, мәдениеттілігі, өнегелі жанұяда өскендігі оның сөйлеген сөзінен көрініп тұрады. Кісінің жұрт алдында абыройлы, беделді болуы да анық дұрыс сөйлей білуіне байланысты.

Қазақтың белгілі ақыны Сұлтанмахмұт Торайғыров өзінің «Сымбатты сұлуға» деген сықақ өлеңінде былай деген еді.

«Сүйдірген сені маған қыли көзің,
Томардай кедір-бұдыр топас сөзің...
Сүйдірген сені маған тырысқаның,
Көрінгенмен бұрқылдап, ұрысқаның.
Әкең бүгін өлгендей қабақ жарып,
Қонақ келсе, қуарып, құрысқаның...
Сүйдірген сені маған көкшіл тісің,
«Адыра қалғыр, ойбай» деп қылған ісің.
Салды балақ қарғадай салпылдаған,
Бұл әлемге біткен жоқ сендей пішін.

Мұнда ақын дұрыс сөйлей білмейтін, орынсыз ұрысқақ, жөн білмейтін тырысқақ қыз-келіншектерді тамаша шенеп өткенін көреміз. Сол сияқты, халқымыздың «Сөз тапқанға қолқа жоқ» дейтін мақалы да сөздің орнын тауып сөйлеудің маңызды мәселе екенін білдіреді.

Тіл деген жылдан-жылға дамып, жетіле береді де, оның сөздік қоры молая түседі. Сол сияқты біздің қазақ тілі де мемлекеттік мәртебеге ие болғанына он жылдан асты, қазір бұрынғысынан анағұрлым дамып, сөздік қорымыз молайып, сөйлеу мәдениетіміздің жоғарылай түскені баршамызға мәлім. Дегенмен, жастар арасында жоғарыда айтылғандай «кедір-бұдыр» сөйлейтіндер әлі де жоқ емес. Сондықтан сөйлеген сөзіміз әдемі, тартымды әрі көркем болу үшін, біз әдеби кітаптарды яғни көркем әдебиеттер, прозалық шығармалармен, поэзиялық шығармаларды көп оқуымыз керек. Сонда ғана сөйлеу мәнеріміз, тіл мәдениетіміз жоғарылайды.

А-қосымшасы

Сөздік

тіл мәдениеті	культура речи
сыпайы сөйлеу	говорить вежливо
дұрыс сөйлей білу	правильно говорить
Қоғам	общество

5-тапсырма. 1) Мәтінді оқып шығып, орыс тіліне аударындар.

2) Мәтінді қысқаша қазақ тілінде әңгімелеп беріңіздер.

Тіл мерекесі

Қыркүйектің 22- сiнiң Қазақстан Республикасы халықтарының тiлдерi күнi болып жариялануы – аса маңызды гуманистiк қадам. Ол, ең алдымен, тiлге, сол арқылы жасалатын мәдениет пен өнерге деген қоғам мен мемлекет тарапынан көрсетiлуге тиiс iлтипаттың бiр өнегесi.

Тәуелсiз елiмiздiң қоғамдық өмiрiнде өзгеше орны бар бұл жаңа атаулы күн – Қазақстанда тұратын барша ұлттар өкiлдерiнiң ана тiлдерiне құрмет көрсетiлетiн ортақ мейрам.

Тiл – адам мен адамды, ұлт пен ұлтты жақындастырып, табыстыратын өзгеше құрал. Сондықтан да бiз оны халықтар арасындағы достықтың бастауы, олардың ынтымақтастығы мен береке – бiрлiгiнiң тiрегi ретiнде қадiр тұтамыз. Қазақстанды мекендейтiн әр түрлi ұлт өкiлдерiнiң тiлiне құрмет көрсету, олардың ана тiлiнде бiлiм алып төл мәдениетiн дамытуына жағдай жасау – мемлекетiмiздiң маңызды стратегиялық мiндеттерiнiң бiрi. Оның құқылық негiздерi Қазақстан Республикасының Конституциясында, Қазақстан Республикасындағы Тiлдердi дамыту Заңында айқын көрiнiс тапқан. Осыған орай Қазақстан халықтарының тiлдерi күнi жалпы халықтық мереке ретiнде елiмiздiң рухани маңызын нығайтып, азаматтарды татулық пен бiрлiк идеялары төңiрегiнде топтастыруға, өскелең ұрпақты қазақстандық патриотизм мен жалпы адамзаттық ынтымақтастыққа тәрбиелеуге қызмет етуге тиiс. Тiл мерекесi 1998 жылдың 22 - шi қыркүйегiнен бастап аталып келедi.

«Тiлдер жөнiндегi заң жобасы » 1989 жылғы 22 қыркүйектегi Қазақ КСР Жоғары Кеңесiнiң кезектен тыс өткен 14 - сессиясында қабылданды.

Талқылаулардан кейiн Заң «Қазақ ССР – нiң тiлдерi туралы заңы» деген атпен қабылданды. Бұл құжаттың бiрiншi бабында мемлекеттiк тiл қазақ тiлi, екiншi бабы бойынша орыс тiлi ұлтаралық қатынас тiлi болып жарияланды.

Тiлi жоқтың күнi жоқ, келешегi жоқ. Мұны ешбiр ел қаламайды. Халықтың жаны тiл, әрбiр ұлт, мейлi ол үлкен болсын, кiшi болсын, - мәңгiлiк болуды қалайды және бұл – оның табиғи құқы.

Ал бұл үшiн сол халықтың тiлi өз топырағында тамыр бойлап, өмiр сүруге тиiс, ал оның қасында өзге тiлдер де онымен қатар көркейiп, гүлдене беруi керек.

...Тiлге артықшылық керек емес, адамдар арасындағы қарым – қатынас құралы ретiнде ролiн дұрыс атқару керек.

6-тапсырма. Мәтiндi орыс тiлiне аударыңыз.

Сөздiк

достықтың бастауы	начало дружбы
халық	народ
Бiрлiк	единство
Әр түрлi	разное

Мәдениет	культура
ұлттар	нации
тәрбие	воспитание
Қызмет ету	служить

7-тапсырма. 1) Мәтінді оқып, орыс тіліне аударыңыз.

2) Сұрақтарға ауызша жауап беріңіз.

а) Қазақстан Республикасы халықтарының тілдері күні қай айда, айдың нешесінде аталып өтеді?

ә) Тіл мерекесін ең алғаш қай жылы атап өтті?

б) Қазақстанда қандай ұлттар мекендейді?

6-тапсырма. Мәтіннен сан есімдер мен шылауларды тауып астын сызындар.

8-тапсырма. Сіз қазақ тілін неге үйренгіңіз келеді және қалай үйренгіңіз келеді?(шығарма жазыңыз)

Туған тіл

Туған тілсіз тәңірім жоқ табынар,
Туған тілсіз тірлік құрсын, наныңдар!
Туған тілде намысым мен арым бар,
Туған тілсіз тірлік құрсын, наныңдар!

Туғанда да, қонғанда да, ұшқанда
Өз тілінде қиқулайды құстар да.
Өз тілінде кісінейді құлыншақ...
Деген кім бар: өз тіліңді ұстанба?

Туған тілде сыры терең жаным бар,
Туған тілде мың-мың ыстық қаным бар.
Туған тілде әнім менен сәнім бар!
Туған тілім – жүрген үнім, наныңдар.
Нанбасаңдар,
Жүрегімді суырып-ақ алыңдар.

Д. Әбілов

9-тапсырма. Өлеңді мәнерлеп оқыңыздар.

Тіл мәдениеті – сөз өнері

Таза сөйлеу де мәдениеттіліктің ең бір биігі.

Ұлбала Алтайбаева

* * *

Ежелден, атам заманнан тіл – елдің мәдениет, әдебиеті өсіп-өніп, от басындағы тіршілігінен бастап, қоғам, халық, ел-жұрттың, жалпы мәдениеттің арнайы құралы-ғылымның атаулы саласы екендігі даусыз.

Б. Момышұлы

* * *

Сөзді бағалар, сөзге тоқтар, сөзден мағына іздеу адамды мәдениеттендіре түседі.

Ілияс Омаров

* * *

Тіл байлығы елдің елдігін – жұртшылығын, ғылыми әдебиетін, өнеркәсібін, мәдениетін, қоғамдық құрылысын, салт-санасының, жауапкершілік дәстүрінің, мұрасының қай дәрежеде екенін көрсететін сөзсіз дәлелі, мөлшері.

Б. Момышұлы

* * *

Тіл аса мейірбандықты керек етеді.
Сөздің шарапатынан дауалы шарапат жоқ

Ілияс Омаров

* * *

Түрлі-түрлі байлықтар бар. Солардың таңдауын берсе, мен тіл байлығын таңдар едім. Өйткені тіл байлығы – бәрінен де сенімді байлық.

Ғабиден Мұстафин

* * *

Айта берме сөз біткеннің бәрін де,
Ойлап сөйле, таңдап дәмін, мәнін де.

Жүсіп Баласағұни

* * *

Саулық тілеп, табыс күтсең ісіңнен,
Жарамайтын сөз шығарма тісіңнен.

Жүсіп Баласағұни

* * *

Көп ойлан, жақсы сөйле-нұсқа болсын,
Сұраса – жауабың да қысқа болсын.

Жүсіп Баласағұни

* * *

Жақсы сөз бейне шамшырақ
Орнаған мықтап көңілге.

Ж. Жабаев

* * *

Сөз бен қылық суық көңілді жылытады, жылы көңілді суытады.

Ғабиден Мұстафин

* * *

Күн жылытпайтын суық көңілді сөз ғана жылыта алады.

Ғабиден Мұстафин

* * *

Тәрбие басы – тіл,
Игі істің басы – тіл.

М. Қашқари

* * *

Тіл – ұлттың жаны.

* * *

Туған ел – тұғырың,
Туған тіл – қыдырың.

* * *

Тіл жоқ жерде ұлт жоқ.

* * *

Жақсы сөз – жарым ырыс.

* * *

Ас – тұзбен дәмді,
Су – мұзбен дәмді. Ал адамзат – салиқалы,
Сапалы сөзімен сәнді.

10-тапсырма. 1. Тіл мәдениеті жайлы айтылған ғұламалардың ұлағатты сөздері мен қанатты сөздерін жаттап алыңыздар.

2. *Туған ел, туған тіл, мәдениет, қоғам* сөздерін қолданып сөйлем құрастырындар.

Қазақ жазуы

Қазақ жазуы – қазақ тілінің әріп таңбаларынан тұратын жазу жүйесі. Көне заманнан бері қазақтар әртүрлі жазу жүйесін пайдаланып келген. Олардың алғашқысы қазақпен бірге басқа да түркі халықтарына ортақ болған руна жазуы. Осы жазу үлгісінде Күлтегін, Білге қаған ескерткіштері сияқты көне түркі мұралары сақталған. V-XII ғасырларды қамтитын руна жазуы Орхон, Енисей, Талас өзендері бойынан табылып отыр. Мұның өзі біздің ата-бабаларымыздың өмір сүрген географиялық қорынларын көрсетеді. VIII –IX ғасырларда қазақ даласына мұсылман дінінің келуі – араб жазуын ала келді. Араб графикасына негізделген жазу үлгісі 1929 жылға дейін сақталып келді. XX ғасырдың басында А.Байтұрсынұлы араб жазуын қазақ тілінің заңдылық-

тарына орай бейімдеп, қазақ әліпбиін жасады. 1929-1940 жылдар аралығында халқымыз латын графикасы негізіндегі әліпбиді пайдаланады. 1940 жылдан бастап, қазіргі қолданыстағы кириллицаға негізделген әліпби қолданылуда.

Тіл – мәдени мұрамыз, сондықтан бай тілімізді келешек ұрпаққа сақтап қалдыруымыз керек. Тіл – тәуелсіздігіміздің алтын қазығы.

«Алаштың ардағы» кітабынан

Әдептілік-адемілік

Біздің тілімізде әдептілік, сыпайылық, ізеттілік деген мағыналас сөздер бар. Бұлардың түпкі төркіні – белгілі моральдық нормаларды мүлтіксіз орындау, яғни ата-ананы құрметтеп, үлкенді сыйлау, шыншыл, әділетті болу, сол адамның көпшілік алдында өзін өзі дұрыс ұстай білуі. «Жүректен қозғайын, әдептен озбайын» дейді Абай. Әдептен озбау деген үлкен қасиет, ол адамның білімділігін, мәдениеттілігін көрсетеді. Халқымыз жақсы мінез-құлқымен, өнегелі ісімен көзге түскен жастарды әдепті бала екен дейді. Әдептілік – адамның бала жасынан алған тәрбиесіне, өскен ортасына, төңіректегі адамдардың өзара қарым-қатынасына байланысты қалыптасатын қасиет.

Адамның әдептілігі оның сөйлеген сөзінен, істеген ісінен, мінез-құлқынан, әр түрлі жағдайда өзін ұстай білуінен, ағайын-туыстары, жолдас-жораларымен ара қатынасынан, жалпы барлық жүріс-тұрысынан көрініп тұрады. Біз әдепті – жасты толық мәдениетті адам дейміз.

«Сіз» – «Біз» деген жылы сөз

Сіз, біз деген жылы сөз
Жылытады жүректі.
Жақсылық билеп, жанды тез
Оятады игі тілекті.
Біреуге біреу жақсылық
Тілесе әркез жаны ашып
Осы бір шырын – тәттілік
Тұрмай ма жанға жарасып!
Баршаға керек жақсылық!
Жақсылық сүйер жанымыз,
Баршаға жетер жақсылық,
Қызғанбай бөліп алыңыз.
Сіз, біз деген жылы сөз –
Жақсылықтың мейірі,
Бір-біріне болып көз
Кең болсын адам пейілі.

Ө. Тұрманжанов

11-тапсырма. Мәтінді оқып шығып, орыс тіліне аударыңыз.

12-тапсырма. Өлеңді мәнерлеп оқып, жаттап алыңыздар.

13-тапсырма. *Әдептілік, сыпайылық, достық, жақсылық тілеу* сөздерін қолданып сөйлем құрастырыңыздар.

14-тапсырма. Мәтіннің мазмұнын қысқаша әңгімелеп беріңіз.

Сыйластық жайында

Кісі сыйлай білу деген адамның ақылдылығына, мәдениеттілігіне, білімділігіне, әдептілігіне байланысты. «Сыйға-сый, сыраға бал» дейді халқымыз. Үй ішіндегі ата-анасын, аға-інісін, апа-қарындастарын, төңірегіндегі қатар құрбыларын сыйлай білген жастың өз басы да сыйлы болады. Біздің тілімізде «сыпайы» және бұған қарама-қарсы мағынада айтылатын «тұрпайы» деген сөздер бар. Жұртты сыйлай білетін әдепті кісіні сыпайы десек, үлкеннен ұялуды, кішіні сыйлауды білмейтін бейпіл адамды тұрпайы дейміз. Халықтың ауыз әдебиетінде адамның жүріс-тұрысына, мінез-құлқына қарай жақсыны мадақтап, жаманды шенеп айтылатын өлеңдер бар.

Көгінен де алманың ағы жақсы,
Барынан да жаманның жоғы жақсы.
Бір сөз айтсаң жаманға «қорс» етеді,
Қорғасындай балқыған қайран жақсы – дейді.

Міне, осы бір шумақ өлеңде жақсы адамның жағымды да жайдары мінезі мен жаман адамның екі сөзге келмей торсандай қалатын тұрпайы мінезі айқын бейнеленіп тұр. Жақсы адамның сыпайылығы да, жаман адамның тұрпайылығы да оның жүріс-тұрысын, істеген ісі мен сөйлеген сөзінен ап-айқын көрініп тұрады. Сыпайы адам жасы үлкен кісіні көргенде иіліп сәлем беріп, хал-жағдайын сұрайды. Біреуге қатты сөз айтып жібермейді, көпшілік бас қосқан жерде орынсыз қалжың айтып, ыржалаңдамайды, жоқтан өзгеге ашуланып, біреуді бекерге балағаттамайды. Ал мұның керісінше, тұрпайы адамнан неше түрлі сөлекет мінездің бәрін де күтуге болады.

А-қосымшасы

Сөздік

сыйластық	уважение
сыпайы	вежливый, вежливость
тұрпайы	грубый, грубиян
кісі	человек
ақылды	умный
білімді	знатный, образованный
мінез-құлық	характер
жақсы	хороший
жаман	плохой
халық ауыз әдебиеті	устное народное творчество
іс	дело

15-тапсырма. 1. Мәтінді орыс тіліне аударыңыз.

2. Сыйластық, сыпайы, ақылды сөздерін қолданып сөйлем құрастырыңыз.

Мәдениет туралы

Мәдениет – ұлттығымыздың негізгі діні, негізгі жүрегі.

Тілін, дінін, өнерін яғни ұлттық құндылықтарын бағалай білмеген халықтың аты да, заты да жоғалады. Иә ол елім, жерім, ұлтым деген әрбір азамат осы екі ауыз сөзді түсінері анық.

«Рухани байлық пен мәдениет – қоғамның басты құндылықтары» деп ел басымыз Н.Ә. Назарбаевта тамаша айтып өткен.

Енді толығырақ мәдениет туралы түсініктеме келтірсем деймін.

«Мәдениет дегеніміз не?» – деген сұраққа жауап беру үшін, бұл сөздің этимологиясына, яғни осы бір күрделі ұғымды білдіретін сөздің шығуына тоқталуды жөн көріп отырмын. Қазақ тілінде бұл термин арабтың «Маданият» – қала, қалалық деген сөзінен енген. Бұл орта ғасырлардағы мұсылман мәдениетінің өркендеу кезеңінде қалыптасқан түсінікпен байланысты. Мәдениетке берілген көптеген анықтамаларды алтернативтік (қарсы қоюшылық) деп атауға болады. Бұл жерде алдымен көзге түсетін мәдениет пен табиғатты, «культура» мен «натураны» қарсы қоюшылық.

Көне заманда «культура» деген ұғым «жерді өңдеу» деген мағына берген. Кейінірек, дәлірек айтқанда Цицеронның еңбектерінде (б.э.д. 45 ж.) бұл сөздің мағынасы тереңдеп, «жанды жетілдіру» деген ұғымды білдіреді. Уақыт өткен сайын еуропалық тілдерде «Мәдениет» сөзі «білім беру», «даму», «қабілеттілік», «құрметтеу» сияқты мағыналарға ие бола бастады. Қазіргі заманғы сөздіктерде мәдениетке төмендегідей анықтамалар берілген.

а) мәдениет – белгілі бір халықтың қол жеткен табыстары мен шығармашылығының жиынтығы;

ә) мәдениет – адамзат қауымының белгілі бір тарихи кеңістіктегі қызметі мен өзіндік ерекшеліктері (палеолит мәдениеті, крит-микены мәдениеті, қазақ мәдениеті және т.б.);

б) мәдениет – адамдық әрекеттің белгілі бір саласының жетілу деңгейі (сөйлеу мәдениеті, еңбек мәдениеті, құқық мәдениеті және т.б.);

в) агро-мәдениет (дәнді өсімдіктер мәдениеті, цитрустық мәдениет және т.б.).

Мәдениет ұғымы тарихи қалыптасудың ұзақ даму жолынан өтті. Мәдениет ұғымын алғашқы рет ғылыми тұрғыдан анықтауға тырысқандар философтар болды. Бірақ, өкінішке орай, XVII ғасырға, яғни ағартушылық кезеңіне дейін, басты құндылық – «адам мен оның ақыл-ойы» деген қағида жүзеге асқанға дейін «мәдениет» сөзі белгілі бір мойындалған термин ретінде қолданылмады, бар болғаны жаңа ұғымдардың синонимі ретінде ғана пайдаланылды. Жоғарыда атап көрсеткеніміздей, бұл терминнің алғашқы мағынасы (мәдениет) жер-анамен, оны өңдеп-баптаумен тығыз байланысты болады. Демек «мәдениет» ұғымы жерді жырту, бау-бақшаны өңдеу, яғни өсімдіктер және жануарлар дүниесімен, дәлірек айтқанда, егіншілік пен ауыл

шаруашылығымен тығыз байланысты қарастырылды. Оған қоса бізге үйреншікті болып кеткен «мәдениет» ұғымының тәрбие мен біліммен байланыстылығының тамыры да сонау көне заманда жатыр.

Білімсіз және тәрбиесіз адам еш уақытта мәдениетті бола алмайтыны ақиқат, ендеше білім мен тәрбие барлық халықтар мәдениетінің қайнар бұлағы болып табылады. Сонымен бірге мәдениет сөзі «құрмет тұту, сыйлау, құрметтеу, табынушылық» деген мағыналарға да ие.

16-тапсырма. Мәдениет жайлы өнегелі ойларды оқып, керегін жаттап алыңдар.

17-тапсырма. Мәтінді орыс тіліне аударыңыз.

18-тапсырма. Төмендегі сөздерге фонетикалық талдау жасаңыз.

Заңдылық, күнтізбелік, ұрпақ, ғылыми, қыркүйек, тәрбие, болашақ, дәрісхана.

Мәдениет жайлы өнегелі ойлар

Мәдениет пен өнер ісінің сан алуан сәулетті түрін көп уақыт сақтап, келесі заманға мирас етіп отыруға болады.

Әлкей Марғұлан

* * *

Адамның мәдениеттілігінің, ой-өрісінің кеңдігінің, жан дүниесінің ләззатшыл нәзіктігінің бірден-бір белгісі – көркем әдебиетті қол үзбей оқи білуі.

Евней Бөкетов

* * *

Тарихи-мәдени белгілер ұлы Отанның бір қырын танытар айнасы.

Әлкей Марғұлан

* * *

Мәдениет – халықтың ең үлкен рухани азығы. Бұл салаға көрінген көк атты келе бермейді, халыққа мәдени қызмет көрсететін маманның өзі мәдениет пен білімді кемел игерген адам болуға тиіс.

Ілияс Омаров

* * *

Сұлулық – адам баласының жан дүниесіндегі ұдайы қайталанып отыратын жақсы қасиет.

Ілияс Омаров

* * *

Әдемілікті әр халық өз ерекшелігіне қарай қабылдап, өзіне тән ұғыммен баяндайды.

Ілияс Омаров

Қазіргі қазақ өнері

Қазақ - өнерлі халық. Ежелгі кезден - ақ қазақ даласында ән-би, өлең, айтыспен қатар сәулет, зергерлік және спорт өнерлері де мықтап дамыған. Олар нәрестенің өмірге келуімен, жас жұбайлардың үйленуімен, құда түсу, діни мерекелермен (ораза айт, құрбан айт) және Наурыз мейрамын қарсы алу салтанаттарымен байланысты әр түрлі мазмұнда өткізіліп отырылған.

Соңғы жылдарда Қазақстанда драма, көркем сурет, кино өнерлері де мықтап дамыды. Мыс: Қазақстан Мемлекеттік Абай атындағы опера және балет театры - өзінің кәсіби шеберлігі жағынан дүниежүзіне әйгілі болған театр. Оның іргетасын қалаушылар К. Байсейітова, Қ. Байсейітов, Қ. Жандарбеков, Ә. Үмбетбаев, Р. Жаманова, К. Кенжетаев - қазақ операсының қалыптасуына көп еңбек сіңірген қайраткерлер. Олар - еліміздің халық әртістері.

Қазіргі кездегі опера өнерпаздарынан Е. Серкебаев, Б. Төлегенова, Ә. Дінішев, К. Мыржықпаевтар өнері таланты халық арасына көптеп танымал.

Қазақ сурет өнерінің майталмандары Ә. Қастеев, Қ. Телжанов, Г. Исмаилова, А. Ғалымбаеваларды көптеген елдер біледі.

Әдебиет саласында М. Әуезовтың "Абай жолы" эпопеясы, М. Мақатаевтың поэзиясы, Ғ. Мүсіреповтың драмасы т.б. ақын-жазушылар шығармаларын жұрт сүйсініп оқиды.

Білім жайында нақыл сөздер

Ғылым – теңіз, білім – қайық.

* * *

Білімдіге дүние жарық,

Білімсізге дүние кәріп.

* * *

Көп жасаған білмейді, көп көрген біледі.

* * *

Халық пен халықты, адам мен адамды

Теңестіретін нәрсе – білім.

М. Әуезов

* * *

Жас шағында білім жина

Кітап оқып үңіле,

Дүниенің бар байлығы білімде.

19-тапсырма. Нақыл сөздерді жаттап алыңыз. Орыс тіліне аударыңыз.

Жұмбақтар

Ақыл ойдың шырағы,

Зәулім көктей шынары.

Биігіне бойлаған,

Қанбайды адам құмары.

(.....)

* * *

Бірін-бірі қоштаған,
Бір үйде көрдім,
Қырық-екі дос-жаран.

(.....)

* * *

Қабат-қабат қапталған,
Асыл сөзбен апталған.
Парағы бар сөйлейтін,
Ол қазына өлмейтін.

(.....)

20-тапсырма. Жұмбақтардың шешімін тауып, жаттап алыңыздар.

Ұлттық мәдениеттің негізі – ұлттық салт, дәстүр мен әдет-ғұрып ұрпақ тәрбиесі

Ұлттық салт, дәстүр мен әдет-ғұрып дегеніміз ұлттық мәдениеттің негізі.

Ұлттық салт, дәстүр мен әдет-ғұрып сол ұлтты қарайтын халықтардың ата-бабаларының халық болып қалыптасу жолындағы бүкіл өмір тәжірибесінен сан ғасырлар бойы тірнектеп жинап, тіршілік тезінен өткізіп, бір жүйеге келтірген өмір сүру заңдылығы. Қатал тіршіліктің қағидаларынан қорытып, уақыттың өзі бекітіп берген конституциясы. Халықтың тамыры – салт, дәстүр, әдет-ғұрып. Бала тәрбиесіне, жалпы адам тәрбиесіне терең мән беріп, оның сәтті қағидалары мен ережелерін жасағандардың бірі – қазақ халқы. Оның тәрбие-тәсілдері мен тәжірибелері өте көп. Халықтың ғасырлар бойы жасаған зор еңбектерін жазып шығу үлкен еңбек. Салт, дәстүр, әдет-ғұрып түрлерін толық қамти алмасақ та, сол жұмыстың бір тамшысы ретінде ұлттың тәрбие ісіндегі сәбилік кезден – ес біліп, ер жеткенге дейінгі салт, дәстүр, әдет-ғұрып үлгілері беріліп отыр.

Ұрпақ тәрбиесі деген сөз, келешек қоғам қамын ойлау болып табылады. Сол болашақ қоғам иелерін жан - жақты жетіліп, дамыған, ақылды, парасатты, мәдениетті, білімді, іскер, еңбекшіл азамат ретінде тәрбиелеуді адамзат дамуындағы баға байлықтың бәрін игерту арқылы ғана іске асыруға болады. Ал болашақ азаматтарды жан-жақты қабілетті адам етіп тәрбиелеудегі халықтың салт - дәстүрлерінің тәрбиелік, танымдық ролі ерекше.

Дәстүр - ұрпақтан ұрпаққа, атадан балаға көшетін тарихы қалыптасқан әлеуметтік нормалар мен принциптер жиынтығы. Ол қоғамдық ұйымдар мен халықтың мінез-құлқының, іс - әрекетінің рухани негізі.

Тәрбие, тәлім де халықтық,
Әр жүйе мәні бар қалыптық.

Ұлттық дәстүрге қанық қып
Құнт қып, елге әдеп таныттық.

Халқыңның дәстүрінен өнеге ал,
Айдынға бастайтын ол кеме болар.
Қазақтың салт-дәстүрі бай қазына,
Жұрт өзі керектісін елеп алар.

Ұрпақтан - ұрпаққа берілетін құнды дүниелеріміздің бірі әдет-ғұрып пен салт-дәстүр.

Халықтық тәлім - тәрбиенің қайнар бұлағы, негізі, қазақ мәдениетінің алтын дiңгегі, ұлттық салт-дәстүрлеріміз. Қазақ тілі пәнін өткізу барысында ұлттық танымдық сабағында біз осынау салт-дәстүрімізді жастарымызға дәріптеу, насихаттау арқылы, олардың бойына Отанға, халыққа деген сүйіспеншілік пен сезімді ұялатамыз.

«Көк байрағын көтеріп,
Желбіреткен қазақпыз.
Түбі бірге бауырды,
Елжіреткен қазақпыз.
Бостандығын сағынып,
Қолына алған қазақпыз.
Жоғалғаны табылып,

Жолы болған қазақпыз» – деп айтыскер халық ақыны Әселхан Қалыбекова жырлағандай, Тәуелсіздікке қол жеткізген сәттен бастап ұмыт болған әдет-ғұрып, салт-дәстүрлерімізді жаңғырта бастадық.

Халқымыздың: «Мінген атыңнан құласаң да, халқыңның салтынан құлама» деген тамаша даналық сөзі бар.

Салт - дәстүр дегеніміз ұрпақ тәрбиесі деген сөз, келешек қоғам қамын ойлау болып табылады. Қазақтың салт - дәстүрі - ол қоғамдық ұйымдар мен халықтың мінез - құлқының, іс әрекетінің рухани негізі. Қай халықтың дәстүрін алып қарайтын болсақ, мәдениетпен тығыз байланысты болады. Ұлттық салт - дәстүр арқылы болашақ жастары ізгілікке, инабаттылық пен мейірбандыққа тәрбиелейміз.

Қай заман, қай уақытта болсын, адамзат алдында тұратын ұлы мақсат-міндеттердің ең маңыздысы - өз ісін, өмірін жалғастыратын, алға апаратын саналы да салауатты ұрпақ тәрбиелеу. Ұрпақ тәрбиесі деген сөз, келешек қоғам қамын ойлау болып табылады. Сол болашақ қоғам иелерін жан - жақты жетіліп, дамыған, ақылды, парасатты, мәдениетті, білімді, іскер, еңбекшіл азамат ретінде тәрбиелеуді адамзат дамуындағы баға байлықтың бәрін игерту арқылы ғана іске асыруға болады. Ал болашақ азаматтарды жан-жақты қабілетті адам етіп тәрбиелеудегі халықтың салт-дәстүрлерінің тәрбиелік, танымдық ролі ерекше.

Дәстүр - ұрпақтан ұрпаққа, атадан балаға көшетін тарихы қалыптасқан әлеуметтік нормалар мен принциптер жиынтығы. Ол қоғамдық ұйымдар мен

халықтың мінез-құлқының, іс - әрекетінің рухани негізі. Дәстүр мәдениетпен тығыз байланысты болады. Мәдениеті дамып, өскен ел дәстүрге де бай болады. Ата-ананы құрметтеу, үлкенді сыйлау, адалдық, әділеттік сезімдер барлық халықтарға тән дәстүр ретінде қалыптасады. Ұлттық дәстүр - тез өзгеріп немесе жоғалып кете қоймайтын құбылыс. Дәстүр мен салт адамның мінез-құлқына байланысты қалыптасатын тұрақты құбылыс. Мезгіл өлшемімен алғанда, дәстүр - ұзақ дәуірдің жемісі.

Қазақ халқы – рухани зор байлықтың мұрагері. Ол өзінің өрісі биік, сын сапасы өскелең мәдениетке бір күнде жеткен жоқ. Осы мол зор қазынаның түп-төркіні сонау 6-8 ғасырдағы Орхан Енесей ежелгі түрік жазбаларынан басталады. Қазіргі Қазақстан территориясында жүргізілген археологиялық қазбалар біздің ертедегі ата-бабаларымыздың тек мал баққан, жерін шет жаудан қорғаған батыр жауынгер ғана емес, ақын, жыршы, шешен, сонымен қоса, сәулетші, мүсінші, ұста, зергерде болған екенін дәлелдеді.

Қай заманда болмасын адамзат алдында тұратын ұлы мұрат міндеттерінің ең бастысы - өзінің ісін өмірін жалғастыратын салауатты саналы ұрпақ тәрбиелеу. Ұрпақ тәрбиесі келешек қоғам қамын ойлау болып табылады. Ал ұрпақты жан-жақты келбетті етіп өсіруде халықтық салт-дәстүрлердің тәлім тәрбиелік, білім танымдылық ролі орасан зор. Өзге халықтар сияқты қазақ елінің ұрпақ тәрбиесі жөнінде атам заманнан бері жиып-терген мол тәжірибесі бар. Аға буын өз бойындағы ізеттілікті, қайырымдылық, кішіпейілділік, әдептілік, елін-жерін, Отанын сүюшілік ең асыл қасиеттерін жас ұрпаққа күнделікті тұрмыста үнемі үйретіп, қаны мен жанына сіңіріп келеді.

Адамның жарық дүниеге келген күнінен бастап оның есейіп, о дүниеге аттанып кеткенге дейінгі өмірі мен іс-әрекеті, басқалармен қарым-қатынас атаулының барлығы салт-дәстүрден өзекті орын алып, адамның дүниеге көзқарасын қалыптастыратын тәрбие мектебі.

Жер жүзінде екі мыңнан астам ұлт пен ұлыс тіршілік етеді десек, солардың әрқайсысының өзіне ғана тән әдет - ғұрыптары мен салт-дәстүрлері бар. Олар – халық мәдениетінің аса мәнді құрамдас бөлігі, одан ол халыққа жататын адамдар мәдениетінің деңгейі, рухани байлығы, басқа ұлттар мен ұлыстардан, халықтардан айырмашылығының барлық белгілері анық танылады. Сонымен қатар, салт-сана, дәстүр қатып-семген, мәңгі өзгермейтін нәрселер емес. Елдің мәдениетіне, экономикасына ілесіп өркендеп отырады.

Дәстүрсіз халық жоқ. Ол тарихи негізінде қалыптасып ұрпақтан-ұрпаққа берілетін әдет-ғұрып, жалпыға бірдей әдеп, инабат нормасы болып табылады. Дәстүрлердің жалпыға ортақ ең маңызды қызметі – адамдар арасындағы өркендеп және өзгеріп отыратын тұрақтылықты ретке келтіріп отыру.

Тұрақтылық болмаса даму да болмайды. Соның нәтижесінде әрбір жаңа ұрпақ өткен ғасырлар мұрасының әсеріне ұшырап, оған бойұсынуға әзір. Дәстүр ақпараттық қызмет атқарады. Ақпарлар дәстүр арқылы екшеліп, қорытылып, қоғам жадында сақталады, соның арқасында ғасырдан ғасырға жетеді. Соған байланысты адамдардың дүниеге келген жаңа ұрпақтары өзара

қарым-қатынас нормаларын қайтадан жасап қалыптастырып әуреленбейді, яғни бұрыннан қалған жол-жосынды басшылыққа алады.

Дәстүрде жиналған ақпарлар арқылы ата-бабадан қалған материалдық және мәдениетке ие мұрагер болады. Мысалы халқымыздың “Ата салған жол бар, ене пішкен тон бар”, “Ата көрген – оқ жонар, ана көрген – тон пішер” деуінің мәні бұрынғыдан қалған жөн-жосық, әдеп-салттың басшылыққа алынуға міндеттілігін білдіреді.

“Түбірлі мәселені шешерде, түп атадан келе жатқан жолды ұстар” дейтін мақалдардың бір әулеттен келесі әулетке ұмытылмай жетіп келе жатуының өзі - дәстүр. Халық осындай дәстүр жалғастығын зор мұрат санайды. “Атадан ұл туса – игі, ата жолын қуса игі” деген ұлы арман соған меңзейді.

Сондықтан да жеткіншек ұрпақтың дәстүрге құрметпен, әрі ықтияттылықпен қарауы, яғни оны түсінуі, дәстүрді бұзып алып, адамдардың көңіліне қаяу салудан қатты сақтануы айрықша мәнді қасиет саналады. Ел мен ел, ұлыс пен ұлыс шекаралас, аралас-құраласта өмір сүреді. Сондықтан олардың ғұрып - салт ырымдарында ұқсастық та бар. Мысалы, Иранда жылдың соңғы сәрсенбісін киелі күнге балап, ол күнгі барлық тілек қабыл болып, ойлаған ой іске асады деп ырымдайды екен. Ирандықтар бұл сәрсенбіні «қызыл сәрсенбі» деп атайды. Әсіресе ол күнді бойжеткен қыздар асыға күтеді. Олар соңғы сәрсенбіге байланысты шартты орындар, түрлі жоралғы – кәделер жақсы жасалса, тұрмысқа шығуымыздың сәті түседі деп сенеді. Біздің халқымызда бар:

Сәрсенбі сәтті күні той жасапсыз,

Тойыңыз құтты болсын, қыз атасы! – деп «Тойбастар» жырында айтысатын, сол күнгі бастаған ісі сәтті болады деп ұғынылатын «Сәрсенбінің сәттісі» ырымының да иранның «қызыл сәрсенбісімен» бір негізден шығуы да ғажап емес.

Мұның бәрі әртүрлі халықтардың салт-дәстүрлерінде кейде әріден жалғасатын сабақтастық та, діни наным бірлігінен бастау алған ұқсастық та, тарихи аралас құраластық. Ұзақ уақыт іргелес шекаралас өмір кешуден болған ауыс-түйістер де кездесетіні, сондай-ақ, өздеріне ғана тән, былайғы жұртқа өрескел, ерсі көрінетіндері де болатыны дәлел.

Қазақ - дәстүрі бай және оны қатаң сақтайтын халық. Туған халқының мінез-құлқы, наным-сенімін жете зерделеген ғұлама Ахмет Байтұрсынов қазақтың құдайдан кейінгі қорқатыны дәстүр бұзушылық екенін айтады. Қазақ дәстүрді білмегенді, сыйламағанды надан дейді. Бұл - өте ауыр сөз, ауыр кінә, бірақ әбден орынды баға. Қазақтың туыстық, құда – жекжаттық, той-томалақ өткізу, өлім жөнелту, аруақ сыйлау, үлкенді, ата-ананы құрметтеу, қыз ұзатып, келін түсіру, жүйелі сөзге жығылу, тоқтау, обал-сауап, дастархан, шаңырақ, қонақ сыйлау т.б. салт - дәстүрлерінде қаншалық адамгершілік, ізгілік, көргендік жатыр. Осындай дәстүрлерімізді ардақтап, қадір тұтуға ақыл-парасаты, мәдениеті, білім-білігі жетпеген жетесіз надан, көргенсіз болмағанда не болады? Рас, кешегі кеңес заманында халықты ұлттық жадынан, тілінен, төлтума мәдениеті мен діни нанымынан қол үздіруге бағытталған зымиян

саясат жүргізілді. Соның салдарынан қазақтың бірнеше ұрпағы, осы күнгі егде, қарт кісілеріміздің көпшілігі әдет-ғұрып, салт-дәстүрлерімізден бейхабар болып қалады. Оқу-тәрбие орындары болмаса, қазіргі отбасы, ата-аналар салт-дәстүр жөнінен ұл-қыздарына толымды тәрбие беруде білімдері, тілі жағынан қиындық көруде. Қазақты қазақ етіп, ұлтымызды ұлт етіп келген және солай болып қалуға тиісті ата салт, асыл дәстүрімізді, шала, шалағай ортада кездесіп жүргендей, қолжаулық етіп, сөз алдарға ғана қолданып, құнсыздандыруға немесе өңін айналдырып, рухына жат “жаңа замандық” жамаулар жамап боямалауға, әрине болмайды.

Тарихқа көз жүгіртсек, халқымыз ата-бабаларының жинақтаған өмір тәжірибесін, бай рухани қазынасын жас ұрпақты тәрбиелеуде пайдаланған, бала тәрбиесіне ерекше мән бере, үміт арта сергек қараған.

Әр халықтың құнды дүниесінің бірі, әрі бірегейі – оның мәдени мұрасы. Мыңдаған жылдардың тарихын таңбалап, өткен күннен белгі болып қалған тарихи - мәдени ескерткіштер, жазбалар, кешегі күн – бүгінгі тарихтан қандай да бір сыр шертетін деректер – баға жетпес асыл қазынамыз.

Ғасырлар арасын жалғастырып, алтын көпірге айналған мұраларымыз жоқ емес, жетерлік. Кешегі мен бүгінді, бүгін мен болашақты сабақтастырған бұл қазынаның орны қашан да ерекше екені де баршаға аян. Әр мәдениет көрінісінің жарқын келбеті болған мұраларымызды келер ұрпаққа аманаттау – әрқайсысымыздың қасиетті борышымыз.

Адамзаттық ұлы мәдениеттің негізін сан түрлі, сан бояулы ұлттық мәдениеттер құрайды. Ұлттық мәдениет негізін сол ұлттың алғашқы шаруашылық ыңғайы мен ата кәсібі арқылы қалыптасқан дәстүрлі тарихи мәдениетінен іздейді. Ал қаламгер Дидахмет Әшімханұлының тілімен айтатын болсақ:

Мәдениет – кең ұғымды, мол пішінді, терең мазмұнды дүние.

Мәдениетке жанашырлық – туған тілге жанашырлық.

Мәдениет дегеніміз – біздің Адам екенімізді айғақтайтын басты атрибут.

Мәдениет дегеніміз – адамгершілік, имандылық.

Мәдениет – ұлттың рухы.

Мәдениет – білімде ғана емес, біліктілікте.

Мәдениет – зиялы деген атауда емес, иман ұялаған инабатты бетте.

Мәдениет – ақиқат пен шындықта.

Мәдениет – елді, халықты, ұжымды басқаруда емес – елді, халықты, ұжымды сыйлауда, олармен санасуда.

Мәдениет – баршамызға ортақ дүние. Ендеше, баршамыз жабылып, мәдениетті, төл мәдениетімізді көтеруге жұмыстанайық!

«Мәдениет – ұлттың бет-бейнесі, рухани болмысы, жаны, ақыл-ойы, парасаты. Өркениетті ұлт, ең алдымен, тарихымен, мәдениетімен, ұлтын ұлықтаған ұлы тұлғаларымен, әлемдік мәдениеттің алтын қорына қосқан үлкенді - кішілі үлесімен мақтанады. Сөйтіп, тек өзінің ұлттық төл мәдениеті арқылы ғана басқаға танылады» деген елбасы Нұрсұлтан Назарбаевтың бастамасымен «Мәдени мұра» мемлекеттік бағдарламасы әзірленген-ді. Тарихи

- мәдени мұрамен хабардар етіп, оны қайта қалпына келтіретін арнайы мемлекеттік бағдарламаны жүзеге асыруды Президент 2003 жылы сәуірде Қазақстан халқына Жолдауында тапсырған болатын. Елбасының Жолдауымен қабылданған бұл «Мәдени мұра» мемлекеттік бағдарламасы – қазіргі Қазақстанның әлемдік өркендеуінің дәлелі.

Қыз ұзату – халқымызда қалыптасқан салтанатты рәсімі мен берік ұсталатын үрдісі бар дәстүр.

«Әкеге қарап ұл, шешеге қарап қыз өседі». Сондықтан да халқымыз ұлы өссе, ұлы жақсымен ауылдас болған, қызы өссе, қызы жақсымен ауылдас болуға тырысқан. Сыпайы, инабатты жасты көрсек «көргенді бала екен» дейміз, қуанамыз. Балаға дұрыс тәрбие берудің кілті өзімізде, ата-ана қолында. Сондай тәрбиеге ие болып бойжеткен қыз баланы қыз – қонақ, қыз – өріс деген сеніммен аялай білген.

Қазақ халқының келін түсіру салтына байланысты дәстүрлер көп. Солардың бірі келін, яғни қалыңдық келе жатқанда, елден бұрын көріп, ауыл адамдарына, оның ішінде келіннің болашақ ата-енесінен, жақын туыстарынан *сүйінші* сұрау ғұрпы болмақ.

Келін келді туғандар,
Ағайындар ұландар.
Ата-ананы қуантып,
Сүйіншісін сұраңдар!

Сүйінші сұраушы кісі алыстан «Келін келеді, сүйінші, сүйінші» деп айтады. Сүйіншіні естіген адам егер сүйіншіні, сүйінші сұраушыдан бұрын тағы біреуден естісе, онда соңғы сүйінші сұраушының сүйіншісі өзінен өзі күшсіз, қажетсіз болып қалатын дәстүр бар. Сүйінші сұраған адамға «қалағанын» беретін әдет бар. Содан да сүйінші сұраушыға «Қалағаныңды ала ғой» десіп жатады. Кейде оған разы болатындай дүниені, сүйінші қарымтасына беріп те жатады. Сүйінші сұрау қуанышты хабарлаудың, қуандырудың, қуанудың дәстүрлі белгісі болмақ. Қазақ дәстүрінде қандайда бір нәрсені, адамды, тағы басқадай дүниелерді алғаш рет көрген кісіден «*көзақы*», «*көрімдік*» алатын дәстүр, әдет ғұрып бар. Сондай ғұрып, жаңа түскен келінді алғаш рет көрген адамдардан, ауыл адамдары, соның ішінде келіннің қайын енесі, жеңгелері «келініме көрімдік бер», «келінімді көрімдік бермесен көрсетпеймін» десіп те жатады.

«Келін - келін келіп тұр,
Келін үйге еніп тұр.
Қайын жұрты - халқына,
Иіліп сәлем беріп тұр.
Үйдің іші толы адам,
Бәріңді келін көріп тұр.
Көргенменен танымай,
Қайсысы алыс, кім жақын.

Сол жері көңілін бөліп тұр.
Көрімдік берсе көп адам,
Талай мал әзір болып тұр.

Кей жерлерде келін алғаш «шымылдық артында» отырғанда да көрімдік алып көрсететін ғұрып болған. Көрімдік алудың мәні көп. Кейбіреулер «ақы алуды қаласа», енді біреулер «келінді көргендердің көз сұғы көрімдікпен кетсін» деп ырымдаушылықтан да туындап жататын сенім - наным болмақ. Кей жағдайда келінді ертіп жүретін қыз келіншектерге, оған көмектесушілерге келіннің ата-енесінің, жеңгесінің беретін «ақысы» да кейде «келін кәде», «келін көрімдік» деп аталып жатады.

«**Жар-Жар**» - халық арасында үйлену, неке тойы кезінде жырланады. «Жар-жар» жырында тойды жұртқа хабарлау, екі жастың отбасы құрғанын жариялау деген ұғымнан таралған болар немесе жар - жұбай, өмірлік жар, серік, жолдас деген мағынадан шығуы мүмкін. Бұл жерде әңгіме терминнің этимологиясында емес, жанрлық түр жағында. Кейде «Жар-жардың» алдында «Ау-жар» айтылады. «Ау-жар» «Жар-жардың» бір түрі. Сонымен тойға жиналған жастардың жігіттері бір жаққа, қыздары екінші жаққа бөлініп, қатар тұрып, кезекпе-кезек өлең айтысады. Ол өлеңдерінің соңын «жар-жар» деп екі жағы қосылып қайталап отырады. «Жар-жар» арнаулы ән әуенімен шырқалады.

Жар-Жар

Осы өмірге лайық отты жағып жар-жар,
Келеді, эне, екі жас топты жарып, жар-жар.
Үлкені мен ауылдың жасы мұнда, жар-жар,
Жас келінді көруге асығуда, жар-жар.

Ата-ананың борышын ақтаңыздар, жар-жар
Махаббатты мәңгілік сақтаңыздар, жар-жар.
Келген жастар бұл тойға әр қауымнан, жар-жар
Құтты болсын айтамыз бір ауыздан, жар-жар!

Бақыт жолы алдыңнан кең ашылсын жар-жар,
Терезесі өмірдің тең ашылсын жар-жар.
Махаббаттың ақ туы желбіресін жар-жар,
Адалдықтың ақ гүлі мөлдіресін жар-жар!
Жар-жарды айтып біткен соң, екі жастың дос-жарандары құттықтайды.
Осы дәстүрден кейін қолына домбыра ұстаған жыршы, ортаға беташар айтуға шығады.

Жаңа түскен келін босағаны аттап, отқа май тамызу ырымын жасаған соң берілетін бата:

Атаның ақ батасы:

Отша лаулап сөнбегін,

Еш жамандық көрмегін.
Қосағыңмен қоса ағар,
Құтты болсын қадамың!
Келін болдың, қарағым,
Салтын ұста, ардақта,
Үлкен ата-бабаның.
Ошақтан от кетпесін,
Үйіңнен көп кетпесін.
Адал болғай жарыңа,
Лаула, оттай жалында. – деп ақсақал келінге бата береді.

Беташар туралы әңгімелейді:

«Беташар - жаңа түскен келінге байланысты айтылатын жыр. Қазақтың ескі заманнан келе жатқан дәстүрінің бірі - жаңа түскен келіншектің бетін ешкімге көрсетпей, желек жауып әкелу. Бұған ерекше мән беріп, келіншектің бетін шаршы топта ақындар өлеңмен ашады», - деп жазады Қажым Жұмалиев. Беташар - келін түсірген ауылдың әнші, жыршы әрі ақындық өнері бар жігіттің келіннің көрік-келбетін мақтап әрі өсиет-өнеге айту түрінде салтанатпен айтатын дәстүрлі ғұрыптық жыры. Бұл жырдың тәрбиелік мәні зор болғандықтан, келіншектің екі жағында тұратын әйелдердің үлгілі-өнегелі болу жағы қатаң ескертіледі. Беташар жырын бастаушы шаңыраққа жаңа түскен келінге ата-енесін, үй ішін таныстырып, қандай туыстық жақындығы бар екенін, беделін, қадір-қасиетін көркем тілмен жеткізіп, әрқайсысына жеке - жеке сәлем жасатады. Келіннің бетін ашып, жиылған елге таныстырады.

Ағайын - туғанның көңілін көтеретін сыпайы сөздермен, аса дәлдікпен ықшам, тұжырымды айтылған келіннің беташары жас шаңырақтың босағасының берік болуының дәнекері іспетті.

Халқымызбен бірге жасасып, өрісін тауып, өркенін жайып келе жатқан бай салт - дәстүрлеріміздің ішіндегі өнегелі де өміршеңі осынау келін түсіру той - томалағы, ал оның үрдісті жол-жоралғысының бірі де бірегейі, бәрімізге ыстығы беташары болса керек-ті. Бұл жоралғы халқымыздың қадір-қасиетін, рухани болмыс-бейнесін, таным-табиғатын, өмірлік тәлімін, өнеге-өрісін, тұрмыс-тіршілігін, сонымен қоса, адамгершілік этикалық қағидаларын танытады. Өрісі кең халықтың салт-санасы салауатты, ал әдет-ғұрпы, өнеге-тәлімі өрелі болмақ. Халқымыздың мұндай табиғи мінезі, дарқан дарыны, білімі, бөлек болмысы дара қасиетімен ерекшеленіп, тіршілік тініне бойлай сіңіп, өмір сәулесіне айналып, жақсы ай мен жарқын күндей әмбеге бірдей асыл нұрын шашып жатады.

Қазақ халқының салт-дәстүрі – сарқылмайтын кенмен тең. Өмір сүру тірлігі, жер жағдайы, тұрмыс қарекеттері қазақ халқының өміріне өз сипаттарын сіңіріп, олардың бойындағы шынайы қасиеттердің табиғаттың өзіндей шыңдалып, шымырланып түлей түсуіне ықпал етіп, күнделікті қарекеттерінде өзге халықтарға ұқсамайтын салт-сана дәстүрлерін тұғызды. Соның ішінде жыршылықтың күшті дамуы ерекше болды. Өйткені, қай салт-

дәстүріміздің де бүгінгі күнге бедері бұзылмай, бояуы өшпей жетуі - осы жыршылықтың арқасы десек артық айтқандық болмайды. Жыршылықтың, ақындықтың, сөзге шешендіктің арқасында қанаты талмай, халқымыздың бар асыл мұралары алдымызға жайылып отыр.

Соның асыл бір ұшқыны - ұрпақтан-ұрпаққа ұмытылмай жалғасып, асыл қасиетін жоймай келе жатқан *беташар* жақсы дәстүр, жарқын салтымыздың бірі.

Жалпы, халқымыздың тіршілігіндегі барлық құбылыс, жайттарды (бала туғанда, қыз ұзатқанда, ас бергенде, екі жақ бітімге келгенде, өнер сайысына түскенде) арнаулы өлеңмен өткергенін ұлы Абай да көре білгендей:

«Туғанда дүние есігін ашады өлең,
Өлеңмен жер қойнына кірер денең.
Өмірдегі қызықтың бәрі өлеңмен,
Ойлансайшы бос қақпай елең-селең», - дегені бар емес пе?

Беташар да өлең жырдың бір үлгісі. Беташардың өмірлік сипаты, тіршіліктегі алар орны жайлы тарихшыларымыз бен әдебиетші ғалымдарымыздың айтқан ой-пікірлері де көңілге ұялап, көшелі пайым, кемел ұғым жасауға көмектеседі.

Бұл дәстүр ұлы жазушымыз Мұхтар Әуезовтің де назарынан тыс қалмаған екен. Өткеннің тарихына үніліп ой түйіп, салмақты да салдарлы талғам-тұжырымдар жасауда ғұламалық танытқан Мұхаң 1939-1940 жылдары жазылған «Қазақ халқының эпосы мен фольклоры» деген еңбегінде үйлену-салт жырлары жайлы айта келіп «Беташарға» да тоқталады.

«Беташар» қалыңдық келіп түскенде айтылатын өлең. Жаңа ұя, жаңа қауым өған бейтаныс,- деп жазады ол. Оны солармен таныстыру шарт. Келін жастардың ортасында басына желек салып, бетін жасырып көлегейлеп түрегеп тұрады. «Беташарды» күйеу жақтың біреуі айтады, ал қалыңдық өзіне арнай айтқан ақыл-өсиетті қас қақпай, ұйып тыңдауға тиіс». Кемеңгер жазушы оның түпкі тәліміне де ден қояды: «Әдетте өлең келіннің жастық көркін, сұлулығын мадақтаудан басталады да, енді ол өзінің күйеуін қалай сыйлап, қалай күтуге тиіс дегенге ауысады. Жас келін күйеуінің туған-туысқандарын қалай сыйлап, құрмет тұтпақ керек! Осы жай, әсіресе, мол айтылады. Ауылдағы жасы үлкен ағаны, жасы кіші ініні, үйге түскен қонақты көргенде келін қандай болуға тиіс. Міне, жас келінге осының бәр-бәрі тағылым түрінде айтылады. «Беташарды» айтушы ақын-жыршы, ауық-ауық сөзін бөліп, жас келіннің жолы үлкендерге тағзым етуін тілейді. Соның бәрін құптағандай, қабыл алғандай болып жас келін иіліп сәлем беріп, тағзым етеді».

Беташар жырының ұрпақтан-ұрпаққа жалғасқан сан түрлі үлгілері, ғажайып дәстүрлі нұсқалары жасалынды.

Тамырын тереңге жайып, біте қайнасқан халықтық салт-дәстүр ғана мәңгі жасай бермек. Ол әр кезеңнің ыңғайына қарай өзгеріп, көркемдік пішіні жаңарып, айтар сөзі түрленіп отыруы әбден заңды, бірақ қашанда да халықтық сипатын сақтап қалатыны аян.

Тойымыздың үстінде жарқырап, жаңарып естілген, ел қуанышын өселей түскен беташарларымызды тыңдағанда тебіренбейтін, толқымайтын, мерейі тасымайтын жан кемде - кем болар. Бұл өзі ұлттық әдет - ғұрпымыздың маңдайы жарқыраған жарқын да жасампаз түріне айналды. Оның тәрбиелік - өнегелік мән-маңызы біздің мораліміз бен мұраттарымызды уағыздай үндеуінен-ақ айқын аңғарылады.

Мұндай өзіне тән саз - әуенімен шығарылып, айтылып жүрген беташарлар соңғы уақытта халық арасына кеңінен қанат жая түсуде. Біздің бейбіт тұрмысымыздың тынысынан нәр алып, жырға айналған жаңа түскен келіннің беташарында айтылар ақ тілектер бүгінде жұртшылық жүрегіне жылылық ұялатқан жарасымды дәстүрге айналды. Өміріміз секілді бұл дәстүріміздің түрленіп, байып, жалғаса берері де даусыз.

Құрсақ тойы (дәстүр). Жас келіншектің екі қабат болғаны белгілі болса, оның абысындары мен қайың сіңілілері сол үйге оңаша құрсақ тойын жасатып, аман-сау босануына тілек білдіреді. Қазақ ғұрпы бойынша бала біткен келіншекті «күмәнді», «аяғы ауыр», «ішінде көжесі бар» деп тұспалдап айтады.

Шілдеhana. «Сәрсенбай зор қуанышты болып, шілдеhanaға қанша қыз-бозбала жиып... баланың есімін Жамал қойып еді» (М.Дулатов). – «Аманжол Атекен аулына шілделікке кеткен» (С.Көбеев). Кей жерлерде шілделік деп те атайды. Жаңа туған нәрестенің құрметіне жасалатын ойын-сауық, той. Мұнда «балаңыздың бауы берік болсын» дегендей «құтты болсын» дегендей құтты болсын айтылады, жастар жиналып ән салып, домбыра тартып, өлең, жыр айтады. Шілдеhanaға шақырумен де, шақырусыз да бара береді. Шілдеhana өмірге адам келгеннің және оған қуанудың бір белгісі.

Сүйінші. «Сүйінші келіңіз келеді деп, әдеппен қол қусырып сәлем берді» («Наурызбай-Қаншайым» жырынан). Қуанышты хабар жеткізуші адам сүйінші, сүйінші! деп келеді. Мұндайда қуанышты үй иесі қалағаныңды ал дейді. Немесе оған риза болатындай сыйлық ұсынады. Бұл шын қуанудың, ризалықтың белгісі. Сүйінші сұраудың да, оның сүйіншісін алудың да ешқандай ерсілігі жоқ.

Шашу – қуаныш айғағы ретінде жасалатын салтанатты дәстүр. Бала туғанда, келін түскенде, алыс сапардан көп күткен жолаушы келгенде, құда келгенде, тағы сол сияқты зор жақсылық, қуанышты күндерде әйелдер құрт-кәмпиттен, күміс тиыннан шашу шашады. Шашылған шашуды тойға қатысушылар теріп алып, ырым қылып, балаларына апарып береді. Шашуды әйелдер ғана шашады.

Қалжа. «Менің сорлы шешеме қалжа қайда. Қой сат деп әкем барды көрші байға» (С.Торайғыров) . Жас босанған әйелге арнаулы мал сойылып берілетін тамақ “қалжа” деп аталады. Жақын адамдар да «қалжа» әкеледі. Бұл әрі сыйластық, құрмет, әрі босанған әйел сауығып кетсін деген мақсатпен туған елдік дәстүр, ғұрып.

Бесікке салу. «Әлди-әлди ақ бөпем, ақ бесікке жат бөпем» (Бесік жыры). Бесік қасиетті, киелі, құтты мүлік, сәбидің алтын ұясы болып есептеледі. Жаңа туған баланы бесікке салу да халқымыз үшін елеулі дәстүрдің бірі. Бесікке салу

жолы үлкен, елдегі тәрбиелі, өнегелі әжелерге, әйелдерге тапсырылады. Ол бесікті отпен аластап, пыштырма жасап алып, баланы бесікке бөлейді. Бесік үстіне жеті түрлі қадірлі таза заттар қойылады. Бесікке салған адамға бесікке салар яғни кәделі сый беріледі. Осындай қуаныш үстінде “Бесік жыры айтылады”.

Әлди, әлди ақ бөпем,
Ақ бесікке жат бөпем.
Буырыл тайға мін, бөпем!
Ақ қызы бар ауылдың
Балпаң, балпаң үйіне
Бұрала барып түс бөпем!
Қымызынан іш бөпем!
Қымызынан ішпесең,
Қызын ала қаш бөпем!
Ашуланса ағасы,
Іштен шалып жық, бөпем!
Кекендесе жеңгесі,
Жынға басын тық бөпем!

Иткөйлек (ғұрып) – ырымшыл халқымыздың баланы қырқынан (туғанына қырық күн толған күн) шығарғаннан кейін оның көйлегіне тәтті түйіп, оны иттің мойнына байлап жіберетін дәстүр бар. Итті балалар қуып жетіп, мойнындағы ит көйлекті шешіп алып, тәттісін бөліп жейді. Көйлекті баласы жоқ келіншектер ырым қылып алады.

Қырқынан шығару. Қазақ халқының ғұмырында жеті, тоғыз, отыз, қырық бір сандары қасиетті деп есептеледі. Мысалы, «Жеті қазына», «бір тоғыз», «үш тоғыз», «қырықтың бірі - қыдыр» деген қағидалар осы сандық ұғымнан пайда болған. Соның бірі баланы «қырқынан шығару» дәстүрі. Әдетте баланың туғанына қырық күн толған соң оны ыдысқа қырық бір қасық су құйып шомылдырады. Бұл ресми дәстүр. Оған үлкен әжелер, әйелдер қатысады, кәде беріледі, дастарқан жайылады. Сәбидің қарын шашы алынып, оны сәбидің өзінің киіміне, матаға орап тығып қояды.

Тұсаукесер. «Тұсауыңды кесейін, Күрмеуіңді шешейін» («Тұсаукесер» жыры). Сәбиді қаз тұрғаннан кейін тез жүріп кетсін деген тілекпен жасалатын ғұрып, ырым. Ол үшін арнайы ала жіп дайындалады. Бұл ала жіп аттамасын деген ұғымнан шыққан. Сол жіппен баланың аяғын кәдімгідей тұсап, оны аяғын жылдам басатын әйелге қидырады. Сүріншек, жайбасар адамдарға кестірмейді. Тұсауы кесілген баланы қолынан ұстап тез жүгіртеді, шашу шашылады. Баланың ата-анасы тұсау кесушінің кәдесін береді. Тұсаукесердің арнаулы жыры бар:

Қаз-қаз, балам, қаз балам,
Қадам бассаң, мәз болам.
Күрмеуіңді шешейін,
Тұсауыңды кесейін.

Қаз-қаз, балам, қаз балам,
Тақымыңды жаз, балам.
Қадамыңа қарайық,
Басқаныңды санайық.

Қаз-қаз, балам, жүре ғой,
Балтырыңды түре ғой.
Тай-құлын боп шаба ғой
Озып, бәйге ала ғой.

Сүндеттеу. Бала жеті жасқа толғаннан соң ер баланы сүндетке отырғызады. Сүндеттеудің денсаулыққа, тазалыққа да пайдасы зор. Баланы сүндеттеу үлкен рәсім. Ол әр ата-ананың борышы. Сүндетке отырғызылған балаға қайырлы болсын айтылады, шашу шашылады. Сүндет міндеті бұрын қожа, молдаларға ғана тапсырылса, қазір оны дәрігерлер де жасай береді. Бұрынғы кезде ауқатты адамдар бала сүндеттегенде үлкен той жасаған. Оны сүндет тойы деп атайды.

Тоқым қағар. «Ертең ұлы дүбірге мені аттандырып, тоқым қағарын сен жасарсың» – деді Сәкен (С. Талжанов). Жас адам алғаш жолға шыққанда жасалатын дәстүрлі бас қосу. Мұнда арнаулы мал сойылып немесе сыйлы мүшелер салынып ет асылып, кең дастархан жасалады, ойын-сауық, өлең-жыр айтылады... Бұл сапарға шыққан жігіттің тоқымы жерде қалмасын, ат-көлігі аман келсін деген жақсы тілек білдірудің белгісі.

Ақ бата. Халқымыз «жақсы сөз – жарым ырыс» – дейді. Үлкен ақсақалдар, ел ағалары үлкен той – томалақтар да, кішігірім жайылған ақ дастарханға бата береді. «Жаңбырмен жер көгереді, батамен ер көгереді» деп дана халқымыз текке айтпаса керек.

Сөз өнерінің бір түрі – бата сөздер. «Бата» деген сөздің өзі бір істің бастауы, ашылуы, кіріспесі дегенді білдіретін араб сөзі. Мұсылмандардың қасиетті кітабы, «құранның» сөзі бата деген сөзден яғни «фатиха» сүресінен басталады. Үлкен ақсақалдар, ел ағалары, үлкен той-томалақтарда: атап айтатын болсақ қазақ халқының ұлттық дәстүрге толы мерекелері шілдехана тойында, тұсаукесер тойында, баланың тіл ашар тойында немерелеріне арнап бата береді.

«Алтын алма Бата ал,

Бата да алтын емес пе» - деген қазақта керемет сөз бар.

Бата халықтың наным-сенімімен, дүниетанымымен, дәстүрлік ырым, салт-жораларымен де байланысты. Соған орай дастарқан басында отырған жасы үлкен ер азаматтар шама-шарқы жеткенше көркем тілімен, әуелі ұйқаспен өздерінің жүрекжарды ақ бата тілегін айтып, үй иесінеде ризашылығын білдіріп жатады.

Бата сөздерінің мән-мағынасы, сымбат-көркі айрықша бағалы. Өйткені, адамды марқайтып қанағаттандыратын ақыл-нақыл, ғибрат сөздер – халықтық тәрбиенің бастау тумасы, мөлдір бұлағы. Бұл сөздер халықтың даналық қорытындысы, адамгершіліктің ақ туы іспетті ереже – қағидасы. Осылай болуға ұмтылу, талпыну, ниеттену, әрекеттену адамды алға жетелейтіні, ізгі өмірлік

мұраттарға баулитыны жалпыға аян. Халықтың бата тілек сөздері ең алдымен жас ұрпағының жетелі, зерделі, кісілікті болуын тілейді. Жерін, елін қорғауға дайын азамат болып ержетуін қалайды. Батаның бәрін бірдей қамту қиын болғандықтан, солардың өз қолданысымыздағы кейбіреулерін жұртшылық назарына ұсынсам деймін.

21-тапсырма. Қазақ халқының салт-дәстүрін басқа халықтардың салт-дәстүрімен салыстырыңыз.

Ақ бата

Ардақты үй иесі:
Әуелі бердің шай,
Көңілін болсын жай!
Екінші бердің ет,
Таппасың көңілін
Ешбір дерт!
Үшінші бердің сорпа,
Болмасын бағың орта!

Күнің шуақты болсын,
Көлің суатты болсын!
Қонысың өрісті болсын,
Еккенің жемісті болсын,
Еңбегін кейісті болсын!
Жұлдызың ағанда болсын,
Құндызың жағанда болсын!
Жарың жібектей болсын!
Арың түлектей болсын!
Өнерің өрлей берсін,
Өмірің төрлей берсін!

Бастарыңа бақ берсін,
Не берсе де бақ берсін!
Қырда жүрген Қызырды,
Үйлеріңе ап келсін!
Қарындарың тоқ болсын,
Қайғыларың жоқ болсын!
Шүпірлеген үйінде,
Баларың көп болсын!

Атасының немересіне берген ақ батасы

Көтерейік білекті ,
Берейін тойда бүгінгі,
Немереме кішкентай
Ақ бата – сөзім тілекті!
Айналайын немерем,
Азамат бол өркендеп,
Ер тұлғалы жүректі.
Жігіт бол балам талапты,
Жақсы оқы біліп сабақты!
Білім қуған талайдың ,
Арайлап жарық таңы атты!
Маңайыңа әрдайым,
Жақсыларды жинай біл!
Өзіңнен үлкен жастары,
Ата – әже, ата –анаң ,
Аға ұрпақты құрметтеп,
Сіз деп әркез сыйлай біл!
Жаман бала болмағың,
Жақсыларды құрметтеп,
Істерін әркез қолдағың!
Сапарың сенің оң болсын ,
Жортқанда балам жол болсын!

Тойбастар. «Тойдың кешкі ойынын өлеңмен бастайды. Сонда айтылатын өлең тойбастар» деп айтылады. (А.Байтұрсынов). Тойдың сәні тойбастарды әнші жігіт не қыз бастайды. Той бастағаны үшін жігіт не қызға той иесі рақмет айтып, тойбастар яғни сый-сияпат ұсынып, құрмет көрсетеді. (Тойбастардың өлең жолдары төмендегідей) Мысалы:

Бастайын баста десең тойдың басын,
Көтерер “әумин” деп қойдың басын.
Тойыңды “пісміллә” деп біз бастасақ,
Алдыға адал болар қойған асың.

Жапқанда жасыл майса жазғытұрым,
Мал қаптар ауыл үстін қара құрым.
Бастайтын жылқының да көсемі бар,
Бұл тойды кім бастайды бізден бұрын.

Байлатып құнан қойын сойдырған үй,
Ет тартып табақ-табақ тойдырған үй.
Сәтінде сәрсенбінің той жасапсыз,

Тойыңыз құтты болсын той қылған үй!
22-тапсырма. Баталарды мәнерлеп оқыңыздар.

Ұлттық әдет-ғұрып

Әдет-ғұрып – белгілі бір қоғамдық-әлеуметтік ортада пайда болып, оның мүшелерінің мінез-құлқының, тұрмыс-тіршілігінің бұлжылмас қағидаларына айналған жөн-жосық, жол-жоралғы.

Қазақы әдет-ғұрыптар көшпелі тұрмыстың дәстүрлі дүниетанымынан бастау алады.«Табиғаттан еншісі бөлінбеген» сахара жұрты өзін қоршаған ортаның ажырамас бір бөлшегі ретінде сезініп, жарық дүниенің жалғыз жаратушысы – [Тәңірге](#) табынған; [Көк аспан](#) – Қара жердің киесін қастер тұтып, [ата-баба](#) аруағына сиынған.

Ауыз тию – ғұрып. Алыс сапарға, емделуге шыққан адам ауылдың үлкен үйінен дәм татып аттанатын ырым бар. Бұл «қара шаңырақтың» киесі қолдасын деген сенімнен шыққан, сондай-ақ, дастарқан үстіне келген адам дәмнен ауыз тиюге тиіс. Ал таңертеңгі астан міндетті түрде ауыз тиеді. Мұндайда әйел болса: «күйеуің тастап кетеді», еркек болса: «әйелің тастап кетеді» деп әзіл айтады. Қазақтың дәстүрі бойынша, үйіне келген адамға дәм ауыз тигізбей шығармау керек. Халықта: «Үйге кірген жыланға да ақ құйып шығарады» деген сөз бар. Мұның бәрі – қонаққа да, асқа да ерекше ықыласты көзқарастың белгісі; халықтың өзіне тән қонақжайлылығы мен кеңпейілдігін танытатын жайт.

Уақыт өлшемі

Дәстүрлі көшпелі қоғам адамы Ұлы даланың ұлан-ғайыр кеңістігін игерумен қатар, өз күнтізбесін жасау арқылы шексіз уақыт ағымын да меңгеріп, онымен үйлесімде өмір сүрді. Қазақтар бұрынғы кезеңдерден XX ғасырдың басына дейін Орталық Азияның байырғы көшпелілерінен мирас болған күнтізбені пайдаланып келеді. 12 жылды қамтитын циклге яғни мүшелге негізделген бұл күнтізбеде жыл сандармен белгіленбей, белгілі бір реттен бірін-бірі алмастыратын он екі жануардың: тышқан, сиыр, барыс, қоян, ұлу, жылқы, қой, мешін, тауық, ит, доңыз аттармен аталды. Әрбір он екі жылдан соң цикл қайталанып отырды.

Ежелгі көшпелілер шаруашылығы мен қауымдық өміріндегі әрбір өзгерісті халық арасында Есекқырған, немесе Сары жұлдыз аталған аспан шамшырағының орналасуымен байланыстырып, ауа райын соның қозғалысына қарап болжаған. Есекқырған қыстыгүні шығыс бағытымен жоғары қарай көтерілсе, күн аязды, ал төмен қарай жылжыса, жылы болады деп білген. 12 жыл ішінде Күн орбитасын толық айналып шығатын бұл алып планета Жерге орасан зор әсер етіп, ауа райында үлкен өзгерістер туғызады. Есекқырғанның айды

айнала жүріп өтетін жолын 30 градус бойынша тең бөлікке бөліп 12 жылдан тұратын күнтізбе циклы жасалды.

Ғарышты табиғатты адам өмірі мен оның шаруашылық қызметін бір-тұтас ырғаққа түсіріп, ғарыштық уақыттың айналмалы ағымын бейнелейтін осы күнтізбе көбінесе “қайталанып отыратын уақыт күнтізбесі” деп аталады .

Көшпелілер ұғымынша, адам ғұмыры белгілі бір жас кезеңін қамтитын 12 жыл тізбегінен –мүшелден құралады . Бірінші мүшел – балалық шақ (1-ден 12 жасқа дейін), екіншісі – жастық (13 пен 24 жас аралығы) үшінші және төртіншісі –толысу , кемелдену шағы (25 – 36 және 37 –48жас аралығы), бесіншісі –кәрілік кезең(49дан 63ке дейін)болып табылады.

Мұхаммед пайғамбардаң 63 жасқа дейін өмір сүруіне орай бесінші мүшел адам ғұмырының жер бетіндегі міндетті мөлшері саналады . Бір кезеңнен екіншісіне өту мүшел жас деп аталғандықтан, ағзаның гормондық өзгерістері осы кезеңге сәйкес келіп отырған. Бір жас кезеңінен екіншісіне аяқ басу бір сападан екінші сапаға ауысу немесе өмірге қайта келу тұрғысынан ұғынылған. Дәстүрлі көшпелі мәдениеттің көптеген жақтары халықтың өмірді циклдердің ұдайы алмасып отыруы ретінде қабылдаған ежелгі түсінігіне байланысты қалыптасқаны анық . Адамның өз ортасындағы мәртебесі, әлеуметтік рөлі, қоғамдағы басқа да топ-тармен қарым-қатынасы оның жас мөлшеріне байланысты қалыпқа түсіріліп отырды.

22-тапсырма. Мәтінді мәнерлеп оқыңыздар.

Түркі заманындағы ғұламалар



Жыраулар поэзиясы қазақ халқының басынан өткерген тарихи оқиғаларды, ой-санасын бейнелі тілмен бере білуімен бағалы. Жыраулар поэзиясы философиялық терең ойға толы. Бұл кезеңдегі белгілі жыраулар - Қазтуған, Доспамбет, Асанқайғы. Соның ішіндегі Асанқайғы есімі «көшпенділер философы» атағына ие болды.

Асанқайғы – көріпкел философ, ақын, жырау. Шын есімі – Хасан. Еділ бойында дүниеге келген.

1445 жылы Алтын Орда ыдыраған кезде қазақ даласына қайта оралып, Қазақ хандығын құрған Жәнібек ханның ақылшысы болған.

Ел ертеңін ойлап, еңсесін көтеруді көздеген Асанқайғы Ордадан бөлінген қазақ руларын Шу, Сарысу бойына, Ұлытау төріне қоныстандырып, халықтың жол бастаушы темірқазығындай болып өтеді.

Көнекөз қариялардың шежірелерінде Асанқайғы Сарыарқада дүние салып, Ұлытау топырағына жерленеді. Ал Шоқан Уәлиханов: «Асан ата өмірінің соңғы жылдарын Жетісуда өткізіп, Ыстықкөлдің жағасында дүние салған» - деп жазады.

Асанқайғы халықтың қамын ойлаған ақылгөй, көреген ғана емес, сонымен бірге керемет күйші де болған. Көптеген күйлерінің тарихы әлі күнге дейін айтылып жүр. Алайда бүгінгі ұрпаққа «Ел айырылған», «Асанқайғы», «Желмаяның жүрісі», «Зар» тәрізді санаулы күйлері ғана жеткен.

23-тапсырма. Мәтінді мәнерлеп оқыңыздар.

Қазіргі қазақ өнері

Қазақ - өнерлі халық. Ежелгі кезден - ақ қазақ даласында ән-би, өлең, айтыспен қатар сәулет, зергерлік және спорт өнерлері де мықтап дамыған. Олар нәрестенің өмірге келуімен, жас жұбайлардың үйленуімен, құда түсу, діни мерекелермен (ораза айт, құрбан айт) және Наурыз мейрамын қарсы алу салтанаттарымен байланысты әр түрлі мазмұнда өткізіліп отырылған.

Соңғы жылдарда Қазақстанда драма, көркем сурет, кино өнерлері де мықтап дамыды. Мыс: Қазақстан Мемлекеттік Абай атындағы опера және балет театры - өзінің кәсіби шеберлігі жағынан дүниежүзіне әйгілі болған театр. Оның іргетасын қалаушылар К. Байсейітова, Қ. Байсейітов, Қ. Жандарбеков, Ә. Үмбетбаев, Р. Жаманова, К. Кенжетаев - қазақ операсының қалыптасуына көп еңбек сіңірген қайраткерлер. Олар - еліміздің халық әртістері.

Қазіргі кездегі опера өнерпаздарынан Е. Серкебаев, Б. Төлегенова, Ә. Дінішев, К. Мыржықпаевтар өнері таланты халық арасына көптеп танымал.

Қазақ сурет өнерінің майталмандары Ә. Қастеев, Қ. Телжанов, Г. Исмаилова, А. Ғалымбаеваларды көптеген елдер біледі.

Әдебиет саласында М. Әуезовтың "Абай жолы" эпопеясы, М.Мақатаевтың поэзиясы, Ғ. Мүсіреповтың драмасы т.б. ақын-жазушылар шығармаларын жұрт сүйсініп оқиды.

Құдайберген Қуанұлы Жұбанов (1899-1938)

Құдайберген Қуанұлы Жұбанов – тіл білімінің маманы, түрколог, педагог-ағартушы, профессор.

Қ. Жұбанов қазақ мектептері мен жоғары оқу орындарына арналған оқулықтар, қазақ тілінің фонетикасы мен грамматикасы, әдеби тілдің дамуы мен тарихы, төл терминология мен оқыту әдістері, қазақша алфавит пен орфография мәселелері туралы ғылыми еңбектер, қазақ әдебиеті мен музыкасы, мәдени, өнері мен ғылымы жайында мақалалар жазған.

Қ. Жұбанов – Абай мұрасы жайында құнды да ойлы пікір айтқан алғашқы қазақ зиялыларының бірі. Оның «Абай-қазақ әдебиетінің классигі» (әдебиет майданы, №11-12, 1934), «Абайдың музыкалық мұрасы» (Социалистік Қазақстан, 17 тамыз, 1954) атты туындылары күні бүгінге дейін ғылыми құнын жоймаған зерттеулер. Оларды Қ. Жұбанов 30 жылдарда белең алған ақын шығармаларын социолог тұрғыдан талдауға тосқауыл қойып, Абайдың қазақ

әдебиетінен, Батыс, Шығыс әдеби дәстүрлерінен алғаны мен бергенін, жаңашылдығын, поэзияның мәнділігін терең көрсетті.

А-қосымшасы

Сөздік

тіл білімі	языкознание
зиялылар	интеллигенция
әдебиеттің дамуы	развитие литературы
зерттеулер	исследования
мұра	наследие

24-тапсырма. Мәтінді оқып шығып, орыс тіліне аударыңыз.

Ғабит Мүсіреповтің – рухани тіл мәдениеті

Ғабит – қазақ көркемсөзінің айтулы шебері. Оның тіл байлығы, әр сөзді орын-орнына қоя білуі, тілінің тазалығы кімді де болса ғажап, таң қалдырады. Бұл тұрғыда онымен тең келетін жазушы біздің ұлттық әдебиетімізде жоқ. Оның *тіл мәдениеті* көп жазушыға үлгі бола алады.

Қазақ романы дамуының жаңа дәуірі қыркыншы жылдардан басталады. М. Әуезовтің «Абай» романының («Абай жолы» алғашқыда екі томдық – «Абай» романы боп жоспарланып жазылған) алғашқы кітабы осы ұзақ үнсіздіктен кейінгі дәуірді бастады. Ұлы Отан соғысының қызып тұрған кезінде Ә. Әбішев, Ғ. Спанов сияқты жастар романға бет бұрып, алғашқы туындыларын ұсынды. Отан соғысы кезіндегі заман талаптары әдебиетке жаңа сұраныс әкелді. Алғашқы шығармашылық жолын прозаның шағын жанрларынан бастап, кейін драматургияда елеулі шығармалар жазған

Ғ. Мүсірепов эпикалық прозаға осы тұста келді.

1945 жылы Ғабиттің «Қазақ батыры» деген повесі басылды. Ол Ұлы Отан соғысын бастан өткерген, Кеңес Одағының Батыры Қайырғали Смағұловтың ерлік жолын әңгімелеген деректі шығарма болатын. Жазушы кейін бұл повесті кең тынысты роман етіп қайта жазды. Онда Ұлы Отан соғысына қатысқан қазақ солдаттарының тууын, есейіп қалыптасу жолын, ерлік, отаншылдық сезімдерін молынан ашып көрсетті. Соған орай, роман «Қазақ солдаты» деп аталды.

«Қазақ солдаты» Ғабиттің эпиктік талантын мойындатты. Осыдан кейін-ақ ол «Оянған өлкені» жазуға кірісіп кетті.

«Оянған өлке» Ғабиттің эпиктік талантын әйгілеп қана қойған жоқ, М. Әуезовтің «Абайынан» кейінгі дәуірде қазақ романының жетілген жаңа үлгісін көрсетті.

Негізгі тақырып – Қарағанды, өндіріс маңындағы шындық болғанымен, «Оянған өлке» – ХІХ ғасырдың екінші жартысындағы қазақ елі өмірінің сан-салалы тіршілігін кең қамти суреттейтін шығарма. Бір жағы жаңа ашылған

шахта, Өспен, Ақбұйрай мыс қорыту зауыттары, жұмысшылар мен кірешілер өмірін қамтыса, жазушы екінші жағынан осы өндіріске іргелес қазақ ауылының тіршілігін, оларға кірген жаңа қарым-қатынастардың сырын аша суреттейді.

Көшпелі елге отырықшылық келе бастады, байлық іздеудің жолы өзгерді. Қазақтың байырғы кәсібіне жаңа кәсіптер қосылды. Өмір суреттерін шындықпен адымды аша білген ол содан шығатын өмірдің сабақтарына ой жүгіртеді. Романды оқыған адамның өмір тануы, адам тануы, көркемдіктің сырын ұғынуы кеңейе түсетіні де сондықтан. Роман екі кітап ретінде жоспарланған еді. Бірақ оның екінші кітабын жазу ұзаққа созылды. Тек өмірінің соңғы шағында ғана мойнындағы қарызын өтеп кетуге бел буды. Романның жалғасы «Жат қолында» деген атпен 1984 жылы басылды.

Жазушылық шеберлік деген тек тіл байлығы ғана емес, «Ғабит суреткер» деген ұғымға жоғарыда сөз болған шығарма идеясының терең ашылуы, әлеуметтік өмір шындығынан туатын тартыстардың нанымды өрістеуі мен шешілуі, образ жасаудың дәлдігі, көркем тілдің бейнелілігі – бәрі кіреді. Ғабит – осы жайлардың барлығын тең шеше білген жазушы. Ол заман талабын, өзгерістер заңдылығын ерекше сезінді, әлеуметтік күштердің ара салмағын дұрыс пайымдады, болашақты болжай алды, өткеннің бағасын дәл ұғынды. Осы тұрғыдан да ол үлкен суреткерлікке көтерілді. Адам бейнесін ашуда үлкен образдармен шектелмеді, эпизодтық бейнелердің өзінде аз сөзбен, жеке бір көріністе оны жарқ еткізе түсу – Ғабит өнеріне тән дүние. Жазушы жасаған монологтар, ішкі монолог, диалогтар, әр кейіпкердің өз тілімен сөйлейді, кейіпкердің сөзінің ісімен сәйкестігі де жазушы шеберлігінің құрамына кіреді.

Ғабит – ХХ ғасырдағы қазақ әдебиетінің ірі өкілдерінің бірі. Оның шығармалары халықтың осы дәуірде туған рухани мәдениетінің озық үлгілеріне қосылады (С.Қирабаев.).

Сөздік

сөз шебері	мастер слова
тіл мәдениеті	культура речи
шығармашылық	творчество
оянған өлке	пробужденный край
отан соғысы	отечественная война
Көркем	художественный
рухани мәдениет	духовная культура
рухани байлық	духовное богатство

25-тапсырма. Мәтінді мәнерлеп оқып, орыс тіліне аударыңыз.

Өнер

Қазақстанда кеңес өкіметі жылдарында мәдени салада едәуір жетістіктер де болды. Партия саясатын түсіну үшін елге “көзі” ашық, сауатты азаматтар

керек болды, империяда халыққа білім беру жүйесі бірталай табыстарға жетті. Әрбір одақтық республика өз Ғылым академияларына, мемлекеттік университеттеріне, институттарына ие болды. Жергілікті ұлт өкілдерінің азаматтары Ресейдің үлкен қалаларында білім алып, мол тәжірибе жинап елге оралды. Мұның нәтижесінде көптеген ұлт өкілдерінің еуропалық мәдениет және білімге қолдары жетті.

Баспасөз, газет-журналдар шығару, радио хабарларын тарату, теледидар ауыл тұрғындарына жете бастады. Қазақстанның мәдени өмірінде ұлттық опера, балет, драма, симфониялар пайда болып, ауқымы кеңі түсті. Жинақтың осы бөлімінде қазақтың халық композиторлары, төкпе күйдің шебері Құрманғазы Сағырбаев, Дина Нұрпейісова, қазақ бұлбұлы Күләш Байсейітова, Париждің сахнасында әуелетіп ән салған Әміре Қашаубаев, шебер биші Шара Жиенқұлова, кәсіпқой сахна жұлдыздары Серке Қожамқұлов, Қалибек Қуанышбаев, Шәкен Айманов т.б. өз өнерлерімен халық дәстүрін жаңа заманға лайықты жалғастыра білген өнер-қайраткерлері, суретшілер, қазақ драма – театрлары жөнінде мәтіндерді ұсынамыз.

Қазақ халқының музыка мәдениеті **Ән-Күй**

Қазақ халқы ән мен күйге аса бай халықтардың бірі. ХІХ ғасырдағы қазақтың музыка мәдениетін зерттеушілер қазақта мың ән, бес жүз күй барлығын жазған болатын. Қазақтың музыка мәдениеті дәуірден дәуірге дамып келді, қазақ халқы ән мен күйге аса құмар халық.

«Құлақтан кіріп бойды алар,

Жақсы ән мен тәтті күй.

Жүрекке түрлі ой салар,

Әнді сүйсең менше сүй», - деген Абайдың өлеңі, қазақ халқының жақсы ән мен тәтті күйді жан азығы етіп ардақтаған көңіл-күйін бейнелейді.

Қазақтың ақын, жырау, өлеңші және әншілері өлеңдер мен жырларды, ұзақ дастандарды домбыраға қосып әнмен айтады. Эпостық немесе тарихи жырлардың қысқа қайырылатын баяу әндері болады, лирикалық әндер көтеріңкі айтылады, неше түрлі сарынға соғып, күйқылжиды.

Халық музыкашыларының эпостық, тарихи ертегі және тұрмыс тақырыптарына арнап музыка аспаптарымен орындауға шығарған шығармалары «күй» деп аталады. Күй әнге қосылмай, тек музыка аспабымен ғана ойналады.

Әрбір күйдің өзіне тән аңыз-әңгімелері бар. Күйшілер шаршы топқа күйді орындар алдында мазмұнын қысқаша баяндай келіп: «Ал енді, осы күйді домбырада тындаңыздар» деп күйді жорғалата (тарта) жөнеледі. Қазақ күйлері сан-салалы, онда өзен толқыны, бұлбұл әні, дауыл, аттың жүрісі, сан алуан табиғат құбылыстары мен көңіл күйлер қамтылады.

- 26-тапсырма. 1) Мәтінді орыс тіліне аударыңыздар.
 2) *Мәдениет, шығарма, көңіл* сөздеріне фонетикалық талдау жасаңыздар.
 3) Қазақтың ақын, жырау, өлеңші және әншілері өлеңдер мен жырларды, ұзақ дастандарды домбыраға қосып әнмен атайды. Осы сөйлемге морфологиялық талдау жасаңыздар.
 4) Күй әнге қосылмай, тек музыка аспабымен ғана ойналады. Осы сөйлемге синтаксистық талдау жасаңыздар.
 5) Көптік жалғаулы сөздерді табыңыздар.

Сөздік

аса – очень	баяу – медленно
тарихи – исторический	көтеріңкі – веселее
ғасыр – век	құмар – азарт, азартны
ойналады – исполняется	тұрмыс – быт
тарту – играть	тыңдау – слушать
табиғат – природа	тақырып – тема
мәдениет – культура	әрбір – каждый
бұлбұл – соловей	шаршы – квадрат
алуан – множество	құбылыс – явление
Ән – песня	Зерттеуші – исследователь

Халық музыка аспаптарын зерттеген ғалымдар

Қазақ халқының музыкалық аспаптарының тарихи тамыры тереңнен басталады. Халық музыка аспаптары жөніндегі аса құнды алғашқы деректі біз Әбу Насыр Әл-Фараби (870-950) мен көне замандарда қазақ жерінде болған араб жиһанкездерінің жазбаларынан кездестіреміз. Ал бертін келе Ш. Уәлиханов, Г. Потанин, С. Рыбаков секілді белгілі ғалымдардың еңбектерінде қазақ халқының музыкалық аспаптарының сипаттамасы кеңірек жазылған.

Қазақ халқының музыка аспаптарын жинауға XIX ғасырдың орта шенінен бастап тереңірек көңіл бөлінді. Бұл орайда академик Л.С. Берг, К.Н. Павловский, музыка зерттеушісі Н.Ф. Финдейзен, қазақтың атақты ғалымы Ш. Уәлиханов, ұлы ақын-композитор А. Құнанбаевтың игілікті іске қосқан үлестері айтарлықтай мол болды.

Бұл игілікті іс қазір өзінің жарқын жалғасын тапты. Халық аспаптарын терең зерттеп, жетілдіруге кең өріс ашылды. Қазақ музыка өнерін зерттеуші А. Затаевич, академик А. Жұбанов, Б.Г. Ерзакович, композитор Н. Тілендиев, Құрманғазы атындағы академиялық ұлт-аспаптар оркестрінің бас дирижері Ш. Қажығалиев, өнертану ғылымының докторы профессор Б. Сарыбаев, қазақ шежіресінің білгірі С. Қасиманов, қазақ музыка аспаптарын жасау шеберлері Қ. Қасымов, И. Романченко сияқты өнерге өмірлерін бағыштап еңбек еткен адамдар халық арасындағы күйлерді жазып жинақтады. Жазбалардағы

сипаттамаларға сүйене отырып, жоғалып кеткен көптеген аспаптардың қайта қалпына келуіне өз үлестерін қосты.

Сөздік

жазба – письменность	кеңірек – широко
аспап – инструмент	жиһанкездер – путешественники
алғашқы – впервые	заман – эпоха, эра
сияқты – подобный, наподобие	өнертану – искусствоведение
сипат – характер, свойство	үлес қосу – внести вклад

27-тапсырма. 1) Мәтінді орыс тіліне аударыңыздар.

3) *Кеңірек, жиһанкездер, ғылымдар* сөздеріне фонетикалық талдау жасаңыздар.

4) Қазақ халқының музыка аспаптарын жинауға ХІХ ғасырдың орта шенінен бастап тереңірек көңіл бөлінді. Осы сөйлемге морфологиялық талдау жасаңыздар.

5) Жазбалардағы сипаттамаларға сүйене отырып, жоғалып кеткен көптеген аспаптардың қайта қалпына келуіне өз үлестерін қосты. Осы сөйлемге синтаксистік талдау жасаңыздар.

Шоқан музыка өнерінде

Музыка зерттеуші ғалымдар мен музыка қайраткерлері Шоқан кезеңін қазақ халқы музыка мәдениетінің гүлдену шағы, халық музыка творчествосының классикалық деңгейге көтерілген дәуірі деп санайды.

Музыканың поэзиямен сабақтастығы төңірегіндегі Шоқан пікірін шамамен 1855-1856 жылдары жазған «Қазақ халық поэзиясының формалары» атты еңбегінен ұшыратамыз. Бізге толық жетпеген бұл зерттеуінде Шоқан «Ер Көкше», «Ер Қосай» мен «Орақ батыр» жырларынан мысал келтіре отырып, жырдың жалпы сипаттамасын қара сөзбен әңгімелей келіп, бас кейіпкердің іс-әрекеттері мен ой-пікірі өлеңмен, яки қобыздың сүйемелінде айтылатындығын жіктеп жазған. Мұнан шығатын қорытынды, поэзияның музыкамен ұштасатындығын Потанин мен Затаевичтен бұрын байқап, таратқан – Шоқан.

Шоқан өз кезеңіндегі қазақ халқының дәстүрлі музыка өнеріне орыс мәдениетінің әсері ене қоймағандығын да назардан тыс қалдырмайды.

Ол музыкалық аспап – қобызды «ойналуы өте күрделі, тартымды да әсерлі аспап» деп жоғары бағалайды.

Шоқан бақсылық шаман дінінің жұрағаты екендігін ашып жаза тұра, бақсы «ойынына» халықтың музыкалық мәдениетінің көне түрінің бірі ретінде қарайды. Бақсылық «ойынындағы» әншілік, бишілік, театрлық элементтерді жан-жақты талдап түсіндіріп, бітім-болмысын толық ашуды ниет етеді.

Қазақ халқының дәстүрлі музыка өнері мен музыкалық қабілетіне қатысты Уәлиханов көзқарасының басы ашық. Шоқан қазақтардың музыкаға

деген ынта-ықыласы мен үлкен сүйіспеншілігін бірнеше дүркін толғана, тебірене жазған.

28-тапсырма. 1) Мәтінді мәнерлеп оқыңыздар. Мәтінді орыс тіліне аударыңыздар.

2) Сұрақтарға жауап беріңіздер.

а) «Қазақ халық поэзиясының формалары» еңбегінде Шоқанның қандай пікірі бар?

ә) Бұл зерттеуінде қазақтың қандай жырларын мысалға келтіреді?

б) Шоқан қобызға қандай баға берді?

в) Шоқанның бақсы “ойынына” көзқарасы қандай?

г) Шоқан поэзияның музыкамен ұштасатындығын кімдерден бұрын байқаған?

д) Қазақ халқының дәстүрлі музыка өнеріне Шоқан көзқарасы қандай?

3) «Көзқарас» сөзіне фонетикалық талдау жасаңыздар.

4) Бірыңғай мүшелі сөйлемдерді тауып, оқыңыздар.

5) Мына сөздердің синонимдік қатарын жасаңыздар: *ұшырату, ел, жіктеу*.

Сөздік

қайраткер – деятель	ой – мысль
гүлдену – цвести	яки – значит, именно
деңгей – уровень	назар – внимание, взор, интерес
дәстүр – традиция	дін – религия
дәуір – эпоха	жан-жақты – всесторонний
ер – герой, храбрый, смелый	ретінде – в качестве
орақ – серп, коса, жатва	ынта – усердие
мысал – пример	сүйіспеншілік – любовь
кейіпкер – персонаж, герой	іс - әрекет – действие
бас кейіпкер – главный герой	пікір – мнение

Республикалық халық музыка аспаптар мұражайы

Қазақ халқының музыкалық бай мұралары – ғасырлармен бірге жасасып келе жатқан ғажайып әндері мен күйлерін ұрпақтан-ұрпаққа жеткізген музыкалық аспаптардың сан алуан түрінен жүйелі де жан-жақты мағлұмат беру мақсатымен тағы да бір мәдениет орнына – Республикалық халық музыка аспаптар мұражайы 1981 жылдың 24 сәуірінен бастап келушілерге өз есігін айқара ашты.

Мұражай экспозициясында қазақтың сирек кездесетін, жұртшылықтың ізгі ізденістері арқасында табылған желбуаз, қамыс тілік, қос қамыс тілік, адырна, жетіген, шертер, нар қобыз, даңғара, кепшік, шартылдауық, дабыл,

шың, сақпан, сылдырмақ, саз сырнай, ауыз сырнай, үскірік, тұяқ тас, қоңырау, домбыраның бірнеше түрлерімен, шіңкілдек, екі ішекті қыл қобызбенен, төрт ішекті қобыз түрлері, барлығы қырықтан астам ұлттық аспаптардың типтері мен түрлері жинақталған.

Мұражайдың Қазақстандағы орыс, украин, өзбек, ұйғыр, татар, дұнған, корей, неміс, қырғыз халықтарының да музыка аспаптарымен таныса аласыздар. Мұражайдың ерекше алтын қорына саналатын көптеген әйгілі халық орындаушыларының әншілері мен күйшілерінің – Біржан, Абай, Жамбыл, Ықылас, Сейтен, Дина, А. Жұбанов, М. Ержанов, Ә. Хасенов, Д. Мықтыбаев, Сүгір, Мұрын жырау, Базар жырау, Н. Бекежанов, Ә. Қашаубаев сияқты әйгілі орындаушылардың өздері ұстаған және кейінге мұра етіп қалдырған музыкалық аспаптарымен танысып, олардың дыбысын танытуға мол мүмкіндіктер жасалған.

29-тапсырма. 1) Мәтінді оқып, орыс тіліне аударыңыздар.

2) Мәтіннен шылауларды, жалпы есімдерді, есімдіктерді тауып астын сызыңыздар.

3) Тәуелдік жалғаулы сөздерді табыңыздар.

Сөздік

мұражай – музей	мағлұмат – сведения, информация
мұра – наследие	мақсат – цель, идеал
ұрпақ – поколение	ерікше – особо, особый
сирек кездесетін – редко встречающиеся	бай – богатый әйгілі – знаменитый
алтын қорына – в золотой фонд	мағлұмат – сведения, информация
түрлері жиналған – собраны виды	мақсат – цель
көптеген – множество	ерікше – особо, особый

Талантты сыбызғышы

Ысқақ Уәлиев қазіргі Батыс Қазақстан облысының Казталовка ауданында туған. Ұлы Отан соғысына қатысып, ерлікпен қаза тапты. Ы. Уәлиев сыбызғы тартуды кезінде халық композиторы, сыбызғышы Сармалайдың шәкірті болған әкесі Уәлиден үйренеді. 1934 жылы Алматыда өткен халық өнерпаздарының 1-слетіне қатысып, жүлдеге ие болды. Сол жылы құрылған қазақтың халық аспаптар оркестрінің құрамына қабылданды. 1939 жылы Мәскеуде өткен халық музыкалық аспаптарында ойнаушылардың Бүкілодақтық байқауында асқан орындаушылық өнерімен танылды. Ол халық композиторларының күйлерін шебер орындап, жұртшылыққа кеңінен таратты. Сармалайдың өмірі мен шығармашылығы туралы деректер беріп әрі оның күйлерін жаздырды. Сондай-

ақ өз жанынан шығарған күйлері де бар. Оның шығарған күйлері «Толқын», «Кербез», және т.б.

30-тапсырма. 1) Мәтінді орыс тіліне аударыңыздар.

2) *Ерлікпен, кеңінен, өнерпаз* сөздеріне фонетикалық талдау жасаңыздар.

3) Ол халық композиторларының күйлерін шебер орындап, жұртшылыққа кеңінен таратты. Осы сөйлемге морфологиялық талдау жасаңыздар.

4) Көптік жалғаулы сөздерді табыңыздар.

Сөздік

талантты – талантливый	соғыс – война
жүлде – приз	өнерпаз – искусный
ерлікпен – героический	жұртшылық – народ, общественность
кеңінен – широко	шәкірт – ученик

Қазақ халқының 1000 әні

Александр Затаевич жинастырған Қазақ халқының 1000 әні 1925 жылы жарық көрді.

Бұл кітапта 1920-23 жылдары халық арасынан А. Затаевичтің жазып алған 977 әні (оның қырық әні – мәтінімен) домбыра мен қобызда орындалатын 23 күй және олардың мелодиялық варианттары берілген. Ән-күйлердің нотасы өнер, әдебиет, ғылым және мемлекет қайраткерлерінен (276 адам) жазылып алынған. Жинақта қазақтың белгілі халық композиторлары Абай, Мұса, Ыбырай, Ақан серінің әндері, Дәулеткерей мен Тәттімбеттің күйлері тұңғыш жарияланды, олардың өмірі мен шығармашылығы жөнінде деректер берілді. Затаевич жинақтағы қазақ музыкалық фольклорын жанрларға бөліп топтастырды. Қазақтың профессионалдық музыкасының қалыптасуына бұл жинақтың маңызы өте зор болды.

31-тапсырма. 1) Мәтінді орыс тіліне аударып, сұрақтарға жауап беріңіздер.

а) Қазақ халқының 1000 әні атты жинақтың авторы кім?

б) Жинақ қай жылы жарық көрді?

ә) Жинақта кімдердің әні мен күйлері жарияланды?

б) Белгілі, маңыз, тұңғыш сөздеріне фонетикалық талдау жасаңыздар.

2) Қазақтың профессионалдық музыкасының қалыптасуына бұл жинақтың маңызы өте зор болды. Осы сөйлемге синтаксистік талдау жасаңыздар.

А-қосымшасы

Сөздік

жарық көрді – вышел в свет	дерек – факт, данные
жинақ – сборник	зор – огромный
халық арасынан – среди народов	белгілі – известный
қайраткер – деятель	маңыз – смысл, значение
ғылым – ученый	дерек – факт, данные
тұңғыш – первый	белгілі – известный

32-Тапсырма. Мәтінді орыс тіліне аударыңыз.

Қазақ музыкасының атасы – Қорқыт Ата

VIII-ғасырда өмір сүрген атақты ақын, асқан күйші Қорқыт Ата ел аңызын-да ғасырдан ғасырға жасап келеді. Ватикан мұрағатындағы Қорқыт туралы деректе: «Расул пайғамбар заманына жақын кезде (VII-VIII ғ.ғ.) Баят (Сырда-рия) бойында Қорқыт Ата атты бір ел болыпты. Оғыз ішінде барлық уалаятты ол өзіне қаратып, неше түрлі ғажайып сөздер сөйлеуші еді. Қорқыт Ата оғыз қауымының мүшкіл халін сөйлер еді. Әрине іс болса, бәрі оның алдына келіп кеңес сұрап, ол не бұйырса соны қабыл етер еді» деген жолдар бар. Жазба ескерткіштегі деректерде Қорқыт 95 жыл жасаған данышпан қарт. Қорқыт өз өмірінде үш ханға уәзірлік қызмет атқарған. Қорқыт атадан қалған түрлі шешендік үлгілер, мақал-мәтелдер, сондай-ақ күй шығармалары ел арасында көп таралған.

«Жыраудың үлкен пірі Қорқыт Ата,

Бата алған барлық бақсы асқан ата.

Таң қалып жұрттың бәрі тұрады екен,

Қобызбен Қорқыт ата күй тартқанда» - деген жыр тармақтары абыз атамның қасиетін дәл көрсетсе керек.

Ел арасына кең тараған аңыз бойынша Қорқыт бір күні түс көреді. Түсінде көр қазып жатқан кісілермен сөйлеседі. «Сендер не істеп жатырсындар?» - деп сұрайды. Олар: «Қорқытқа көр қазып жатырмыз», - дейді. Содан шошып оянған Қорқыт өлімнен құтылудың жолын іздейді. Өзінің Желмаясына мініп алып, өлмейтін жер іздейді. Ол дүниенің төрт бұрышын түгел аралайды. Барлық жерде «Қорқытқа көр қазып жатырмыз», - дейді. Амалы тауысылған Қорқыт өзінің еліне – Сырдарияға қайтып келеді. Содан кейін Желмаясын сойып, оның терісінен қобыз жасайды да, ажал маған жете алмас деген оймен Сырдарияның ортасына жайғасып, күндіз-түні қобыз тартып, күйлерімен табиғатты, жан-жануарларды тыңдатып ұзақ жылдар ажалды маңына жолатпапты.

Әбден қалжырап, Қорқыт ата бір күні ұйықтап кетеді де, қобыздың үні шықпай қалады. Сол кезде аңдып тұрған ажал улы жылан болып келіп ұйықтап жатқан Қорқытты шағып өлтіреді. Халқымызда «Қайда барсаң да, Қорқыттың көрі» деген сөз бар.

33-тапсырма. Мәтінді аударыңыз, есімдіктерді анықтап, астын сызыңыз.

Сөздік

аңыз – легенда	мұрағат - архив
деректер – сведения	ойналады – исполняется
тарихи – исторические	ескерткіш - памятник

Тәттімбет Қазанғапұлы

Тәттімбет Қазанғапұлы (1815-1860) – қазақтың әйгілі күйші-композиторы. Туып-өскен жері Қарағанды облысының Қарқаралы ауданына қарасты Дастар тауының етегі, Мыржық ауылы, Қызылжар қыстауы. Бұл жерді Мөшеке бұлағы деп те атайды. Мөшеке - Тәттімбеттің үлкен әкесі. Тәттімбет небәрі 45 жас ғұмыр кешіп, дүние салған соң, Қарқаралы жеріндегі Түндік өзенінің бойына, Бабалы мен Арқалық тауларының ортасындағы алқапқа жерленген. Бұл – Тәттімбеттің әкесі Қазанғапқа арналып салынған зират. Ішінде үш қабір-бесікше бар. Бірінде – Қазанғаптың өзі, екіншісінде – Қазанғаптың бәйбішесі, Тәттімбеттің анасы Қалайы. Үшіншісінде – Тәттімбет жатыр.

Тәттімбеттің шыққан тегі Орта жүз, Арғын, оның ішінде Мейрамнан тарайды. Шежіре бойынша Мейрамнан Қуандық, Сүйіндік, Бегендік, Шегендік, Қаракесек (Болатқожа), Шұбыртпалы деген аталар өрбіген. Осылардың ішінде Тәттімбет Қаракесегі болып келеді.

Тәттімбеттің туып-өскен ортасы көшпелілердің сан ғасырлық музыкалық мәдениетінің дәстүрлі орныққан, арқауы бекіген, әсіресе, күйшіліктің тарихи тек-тамыры үзілмеген, рухани құнарлы аймақ. Арқа төсіндегі Қоңырөлең, Өлеңті, Домбыралы, Сарын, Қорқыт көлі, Жорға, Мұңлы, Тарғылдың тауы, Заңғартау, Ақөлең, Дуана, Сарыжайлау, Былқылдақ, Қосішек, Күйтөккен сияқты жер-су атауларының қай-қайсысы да ән-күймен сабақтас. Ән-күй өмір салтқа айналып, адамдардың тағдыр-тіршілігімен біте-қайнасқан ортада ғана топонимдік айғаққа айналса керек.

Тәттімбет атқа ерте мініп, ел ісіне ерте араласқан адам. Батыс-Сібір генерал-губернаторы генерал-майор Фон Фридрихс Тәттімбет туралы арнайы жинаған мәліметінде мынандай дерек келтіреді: «Тәттімбет – ақ сүйектер әулетінен, бірақ көпестер гильдасына тіркелмеген. Қарқаралы округіндегі Нұрбике-Шаншар болысында 1842 жылдың 20 қаңтарынан 1845 жылдың 25 қаңтарына дейін болыс болды. Бұл жұмыстан өз арызы бойынша 1854 жылдың 29 шілдесіндегі бұйрықтың негізінде босатылды, қылмыс жасамаған, тергеуде, сотта болмаған» (ООМА, 3-қор, 3-тізім, 3902-іс). Тәттімбет Ресей патшасы Александр II-нің таққа отыру салтанатына қатысқан. Сондай-ақ, Шоқан Уәлиханов, Григорий Николаевич Потанин, Адольф Янушкевич сияқты оқымысты-ғалымдармен, Алшынбай, Құнанбай, Шорманның Мұсасы, Жайықбайдың Ыбырайы, Кішкентайдың Аққошқары, Сандыбайдың Ердені, Уәлиханның Шыңғысы сияқты дала шонжарларымен, Жанак, Шөже, Кемпірбай, Біржан-сал, Жаяу Мұса, Орынбай сияқты әнші-ақындармен, Тоқа, Ықылас, Итаяқ, Шашақ сияқты күйшілермен кәдірлес-сыйлас болған. Бұл

адамдар Тәттімбет көкірегінен күмбірлеп төгілген әсем күйлердің тұсауын кесіп, талғампаз сарапшысы болып отырған.

Оның өнеріне Біржан сал:

«Тәттімбет-Арғын асқан ардагерім,

Шығарған қырық күйін, өрім-өрім.

Арқада сенен асқан күйші бар ма:

Сусынын қандыратын туған елдің», - деп өлең арнаған.

Тәттімбет талай-талай додалы күй айтыстарына түсіп, қарсыласын тосыпту үшін, домбырада қалыс, шалыс, теріс, қосақ бұрауларын көп қолданған. Бұл дәстүрдің орнығуына мұрындық болған, Абайдың анасы Ұлжанға апа болып келетін Малқара қыз, Шұбыртпалыдан шыққан Итаяқ, Найман ішіндегі Шашақ сияқты дәулескер домбырашылармен Тәттімбет күй айтысына түскенде домбыраны бірде башпайымен қағып, келесіде ұстарамен тартып, енді бірде пернелерін қиып тастап тартып өнер көрсеткені туралы қызықты әңгімелер ел ішінде күні бүгінге дейін айтылады.

Қазанғапұлы Тәттімбеттің «Саржайлау», «Былқылдақ», «Сылқылдақ», «Бес төре», «Көкейкесті», «Қосбасар» сияқты ондаған күйлері қазақтың музыкалық мәдениетінің асыл айғақтары болып табылады.

А-қосымшасы

Сөздік

жерленген – похоронен	шыққан тегі – вышел из
ерте – рано	тұсау – узы
көрсеткен – показал	Тегі – род

34-тапсырма. Мәтіннен септік жалғаулы сөздерді анықтаңыздар.

Құрманғазы Сағырбайұлы (1823-1896)

Құрманғазы Сағырбайұлы (1823-1896) – қазақтың ұлы күйші-композиторы. Туып-өскен жері Бөкей хандығы, қазіргі Орал облысының Жаңақала ауданына қарасты Жиделі деген жер. Топырақ бұйырған орны – Астрахань (Ресей) облысының бұрынғы «Шайтани батаға», қазіргі «Құрманғазы төбе» деп аталатын жер. Шыққан тегі – Кіші жүз, он екі ата Байұлынан өрбіген. Құрманғазының жетінші атасы Ерші деген кісі от тілді, орақ ауызды, сөз дарыған адам болыпты. Ал, нағашы жұрты – Беріш руы. Қалмақ шапқыншылығы кезінде асқан ерлігімен көзге түскен Ағатай батырдың есімі ісі Берішке ұран болған. Одан берідегі Өтеміс би, Махамбет ақын, Исатай батыр бір ғана Беріш руының емес, ісі қазақтың ардақты ұлдары.

Құрманғазы сахараның даңғыл көкірек дәулескер күйшісі Соқыр Есжан-ның алдын көріп, Дәулеткерей сияқты жайсаң күйшімен сырлас болып, Шекеш, Байжұма, Балаймасың сияқты күйшілердің өнерінен өнеге алған.

Құрманғазының ғұмыр кешкен уақыты, әсіресе оң-солын танып, өмір-тіршілікке белсене араласа бастаған кезі мейлінше күрделі еді. Бұл кезең патшалық Ресей жүргізген отаршыл саясаттың ең бір қарқын алған, әбден құныққан, шектен шыға басынған кезі болатын. Қашанда ел басына келген нәубеттің ауырлық-тауқыметі ең алдымен еңсесі биік ерлердің иығына түсетін әдеті. Замана зобалаңы Құрманғазыны да от-жалынымен шарпып бағады. Оның «Түрмеден қашқан», «Кісен ашқан», «Ертең кетем», «Бозайғыр», «Пәбескі», «Терезеден-есіктен», «Бозшолақ», «Бұтым-бұтым», «Не кричи, не шуми», «Арба соққан», «Аман бол, шешем, аман бол» сияқты күйлері замана басқа салған зобалаңның бір-бір бекеті сияқты. Ол қатал тағдырдың кез келген талқысына өнерімен жауап беріп, өнерімен белгі қалдырып отырған.

Құрманғазы өмірге ғашық күйші. Тіршіліктің нұрлы сәттеріне ол балаша қуанып, қалтқысыз сезімге бөлене алады. Оның «Қызыл қайың», «Ақжелең», «Адай», «Сарыарқа», «Балбырауын», «Серпер», «Назым», «Балқаймақ», «Бұлбұлдың құрғыры», «Ақсақ киік», «Төремұрат», «Қуаныш» сияқты күйлері өмірге іңкәр жанның жүрек лүпілі сияқты.

Құрманғазыны суреткер ретінде айрықша даралап көрсететін қасиет – ол концептуалды күйші. Бір ұрпақ емес, екі ұрпақ емес, бірнеше ұрпақтың тағдырына ықпал ететін заманалық құбылыстарға бойлай үңіліп, ой толғау Құрманғазының рухани болмысына тән. Оның «Жігер», «Көбік шашқан», «Кішкентай», «Ақбай» сияқты күйлері өзі ғұмыр кешкен заманның тарихи-әлеуметтік болмысына берілген күйші-философтың бағасы.

Құрманғазының асқақ рухы бір ғана музыка саласына сиятын құбылыс емес. Мұндай тегеурінді дарынның болмысы біртұтас ұлттың рухани болмысына айғақ бола алды. Ұлт тағдырындағы тарихи ұлы өзгерістердің барша қуаныш-қайғысы қашанда біртуар перзенттерінің тағдыр-талайымен шендесіп жатады. Бұл орайда, Құрманғазы өзінің қайталанбас өнерімен ғана емес, өмірімен де туған халқының бүкіл қасиетіне, сол бір алмағайып аласапыран кезеңнің хал-күйіне ең жарқын айғақ бола білді. Ол өзінің қанатты күйлерімен поэзиядағы Махамбет сияқты, ғылымдағы Шоқан сияқты, майдан даласындағы Кенесары сияқты, өршіл рухына қылау түсірмей, замана тауқыметін қайыспай арқалап ғұмыр кешті.

А-қосымшасы

Сөздік

ұлы – великий	шапқыншылық – нападение
тіршілік – жизнь	қайталанбас – неповторимый
рух – дух	ұрпақ – наследник

35-тапсырма. Мәтінді аударып, жалғау түрлерін анықтап, астын сызыңыз.

Пайдаланылған әдебиеттер

1. Ғабитов Т. Мәдениеттану негіздері. – Алматы, 2001
2. Көбесов А. Әл-Фараби. Алматы, 1971
3. Төлебиев Ә. Өнер өрісі. Алматы, 1996
4. Нығмет Мыңжан. Қазақтың қысқаша тарихы. Алматы, Жалын, 1994
5. Қасиманов С. Қазақ халқының қолөнері. Алматы. Қазақстан, 1995
6. Бейсенбекұлы О. Сазды аспаптар сыры. Алматы. Ана тілі, 1994.
7. Абай. Энциклопедия. Алматы. Атамұра, 1995
8. Дәуренбеков Ж. Беташар. Алматы. Өнер, 1991
9. Ісләмжанұлы К. Тал бесіктен жер бесікке дейін. Алматы. Ана тілі, 1995
10. Төтенаев Б. Қазақтың ұлттық ойындары. Алматы. Қайнар баспасы. 1994.
11. Қоңыратбаев Ә. Қазақ фольклорының тарихы. Алматы. Ана тілі, 1991.
12. Тұрманжанов Ө. Қазақ мақал-мәтелдері. Алматы. Ана тілі, 1993.
13. Қазақ әдебиетінің тарихы. 1-том (екінші кітап). Қаз ССР ҒА Алматы, 1964.
14. Құрманалиева С. Қазақ тілін тереңдетіп оқыту. Алматы. Рауан, 1995.
15. Г.М. Нұрғожина, Ғ.М.Әбілқасов, Ш.А.Жетпісбай Қазақ мәдениеті. Қарағанды, ҚарМТУ, 2003.
16. Г.М. Нұрғожина, Ғ.М.Әбілқасов, А.Б.Кинбаева «Қазақ тілі және елтану». Қарағанды, ҚарМТУ, 2007

Мазмұны

1	Алғыс сөз	3-бет
2	Тіл мәдениеті	4-бет
3	Сыйластық жайында	17-бет
4	Мәдениет туралы	18 бет
5	Ұлттық әдет-ғұрып	35 бет
6	Түркі заманындағы ғұламалар	36 бет
7	Қазіргі қазақ өнері	37 бет
8	Қазақ халқының музыка мәдениеті	40 бет
9	Халық музыка аспаптарын зерттеген ғалымдар	41 бет
10	Шоқан музыка өнерінде	42 бет
11	Республикалық халық музыка аспаптар мұражайы	43 бет
12	Қазақ музыкасының атасы – Қорқыт Ата	46 бет
13	Тәттімбет Қазанғапұлы	47 бет
14	Құрманғазы Сағырбайұлы	48 бет
15	Әдебиеттер	50 бет

Нургужина Гулара Мауленовна

Өнер және мәдениет

(Қазақ тілін және мәдениетін тереңдетіп үйреніп жүрген студенттерге арналған дидактикалық материалдар мен әдістемелік нұсқаулықтар)

Редактор:

Ж. Н.Изтелеуова

Стандарттау бойынша маман:

Ж.А.Ануарбек

Басылымға қол қойылды _ _ _

Таралым 50 дана

Көлем 3,2 оқу -бас.ә.

Формат 60x84 1/16

Типографиялық қағаз№1

Тапсырыс _____ Бағасы 1600 теңге

Ғұмарбек Дәукеев атындағы Алматы энергетика және байланыс университеті»
коммерциялық емес акционерлік қоғамының
көшірмелі-көбейткіш бюросы
050013, Алматы, Байтұрсынұлы көшесі, 126/1